

Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 186-VIII ҚРЗ.

2023 жылғы 8 маусымда Сочиде жасалған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісім мынадай ескертпемен ратификациялансын:

"Қазақстан Республикасына осы Келісімнің V тарауын болжамды бұзудан туындайтын талап қойылған жағдайда осы Келісімнің "Тарап пен екінші Тараптың инвесторы арасындағы дауларды шешу" деген 36-бабының 5-тармағы а) тармақшасының тәртібімен дауды аралық соттың орнына "Астана" халықаралық қаржы орталығының соты (АХҚО Соты) қарауға тиіс."

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер

2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы келісімді назарға ала отырып, экономикалық интеграция ауқымын одан әрі кеңейту қажеттігін мойындай отырып, экономиканы дамыту үшін көрсетілетін қызметтер саласының артып келе жатқан маңызын ескере отырып,

көрсетілетін қызметтердің өзара саудасын кеңейту және оны ырықтандыру деңгейін арттыру үшін жағдай жасауға ниет білдіре отырып,

бір Тарап тұлғаларының басқа Тараптардың аумақтарында инвестициялауы үшін қолайлы жағдай жасауға ниет білдіре отырып,

өз мемлекеттері халқының өмір сүру деңгейін үнемі арттыруға деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісімнің (ГАТС) нормаларын, оның ішінде ГАТС-тың V бабын басшылыққа ала отырып,

осы Келісімнің ережелері көрсетілетін қызметтер саудасын, компаниялар құру мен олардың қызметін, сондай-ақ Тараптар арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталғанына сүйене отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап Анықтамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

ДСҰ – 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне сәйкес құрылған Дүниежүзілік сауда ұйымы;

ГАТС – 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне 1В қосымшасында қамтылған 1994 жылғы Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісім.

Осы Келісімде ГАТС немесе ДСҰ шеңберінде жасалған басқа да халықаралық шарттардың ережелеріне сілтемелерді пайдаланған кезде оларда қамтылған "уағдаласушы тарап/уағдаласушы тараптар" немесе "мүше/мүшелер" деген ұғымдар, осы Келісімнің кіріспесінде айқындалғандай тиісінше Тарапты/Тараптарды білдіреді;

қызмет – мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және (немесе) "құру" деген термин анықтамасының "г" тармақшасында көрсетілген жеке тұлғалардың коммерциялық немесе кәсіптік сипаттағы, оның ішінде көрсетілетін қызметтер саудасы және тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер өндірісі бойынша қызметі;

кірістер – өзгелерден басқа пайданы, дивидендтерді, пайыздарды, капитал өсімінен түскен кірістерді, роялтиді және басқа да сыйақыларды қоса алғанда, инвестициялардан алынған қаражат;

Тараптың заңнамасы – Тараптың заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері;

инвестициялар – мыналарды:

ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті;

атап айтқанда, табиғи ресурстарды барлау, игеру, өндіру және пайдалану құқықтарын қоса алғанда, Тараптардың заңнамасы негізінде немесе шарт бойынша ұсынылатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқықтарын;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қоса алғанда, ақшалай бағасы бар мүліктік және өзге де құқықтарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, капиталға немесе өзге де ресурстарға, пайда күту мен тәуекелді өз мойнына алуға қатысты міндеттеме сияқты сипаттамаларды қоса алғанда, инвестициялар сипаттамалары бар, бір Тарап инвесторының екінші Тараптың заңнамасына сәйкес оның аумағында салған активтері.

"Инвестициялар" деген термин мыналарды:

а) Тарапқа берілетін немесе Тарапқа тиесілі немесе ол бақылайтын заңды тұлғаға берілетін несиелерді;

б) тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сату немесе жалға беру бойынша коммерциялық келісімшарттардан ғана туындайтын ақша қаражаты жөніндегі талаптарды;

в) сауда-саттықты қаржыландыру сияқты коммерциялық транзакцияға байланысты кредиттің ұзартылуынан ғана туындайтын ақша қаражаты жөніндегі талаптарды қамтымайды.

Егер инвестициялар нысанының қандай да бір өзгеруі аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, мұндай өзгеріс олардың инвестициялар ретіндегі біліктілігіне әсер етпейді.

"Инвестициялар" деген термин осы Келісімнің "Құру және қызметі" деген III тарауында айқындалғандай және реттелетіндей, екінші Тараптың аумағында құру түрінде жүзеге асырылған бір Тарап инвесторларының инвестицияларын қамтиды;

Тарап инвесторы – Тараптардың бірінің екінші Тараптың аумағында инвестицияларды жүзеге асырған немесе жүзеге асырып жатқан кез келген тұлғасы.

"Тарап инвесторы" деген термин мыналарды:

а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылған Тараптың азаматы болып табылатын кез келген жеке тұлғаны;

б) осындай инвестициялар жүзеге асырылған күні аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың азаматы болып табылған кез келген жеке тұлғаны;

в) басқа Тараптың тұлғасына тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе ол бақылайтын Тараптың кез келген заңды тұлғасын;

г) егер заңды тұлға екінші Тараптың аумағында елеулі іскерлік белсенділікті жүзеге асырмаса немесе егер мұндай заңды тұлға үшінші мемлекеттің тұлғаларына тікелей немесе жанама түрде тиесілі болса немесе олар оны бақыласа, Тараптың кез келген заңды тұлғасын қамтымайды;

үшінші мемлекеттің инвесторы – осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын үшінші мемлекеттің кез келген жеке немесе заңды тұлғасы;

дара кәсіпкер – ұлттық заңнамаға сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген Тараптың жеке тұлғасы;

көрсетілетін қызметтің айрықша өнім берушісі – Тараптың тиісті көрсетілетін қызмет нарығында осындай көрсетілетін қызметті берушілердің шағын саны қатарынан бір өнім беруші ретінде ресми түрде уәкілеттік берілген немесе іс жүзінде құрылған Тараптың кез келген мемлекеттік немесе жеке тұлғасы және Тарап аумағында осындай көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы бәсекелестік айтарлықтай шектеледі;

лицензиялау – Тарап заңнамасында белгіленген құзыретті органдардың лицензияларды (рұқсат беру құжаттарын) беру, қайта ресімдеу және қолданыс мерзімін ұзарту, олардан бас тарту, оларды тоқтата тұру және күшін жою жөніндегі рәсімі мен қызметі;

тұлға – Тараптардың кез келген жеке немесе заңды тұлғасы;

Тараптың шарасы – Тараптың заңнамасы, сондай-ақ осы Тараптың мемлекеттік билігінің кез келген деңгейінде, оның жергілікті өзін-өзі басқару органдары немесе ұйымдары өздеріне осындай органдар берген өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде қабылдаған осы Тарап органының немесе лауазымды адамының шешімі, әрекеті немесе әрекетсіздігі;

Тараптың көрсетілетін қызметтер саудасына ықпал ететін шарасы:

1) көрсетілетін қызметті сатып алуға, ақысын төлеуге және оны пайдалануға;

2) көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге және Тараптар оларға қатысты халыққа кеңінен ұсыну талаптарын белгілеген көрсетілетін қызметтерді беруге байланысты оларды пайдалануға қатысты шараларды қамтиды;

Тараптың құру мен қызметке ықпал ететін шарасы осы Келісімнің бір Тарапының заңды тұлғаларын, филиалдарын, өкілдіктерін және дара кәсіпкерлерін осы Келісімнің кез келген басқа Тараптарының аумағында құруға және олардың қызметіне қатысты шараларды қамтиды;

көрсетілетін қызметті монополиялық беруші – Тараптың тиісті көрсетілетін қызмет нарығында Тарап аумағында осындай көрсетілетін қызметтің жалғыз берушісі ретінде ресми түрде уәкілеттік берілген немесе іс жүзінде құрылған Тараптың кез келген мемлекеттік тұлғасы немесе жеке адамы;

көрсетілетін қызметтерді беруші – Тараптың көрсетілетін қызметті беретін кез келген тұлғасы;

көрсетілетін қызметті тұтынушы – Тараптың көрсетілетін қызметті алатын немесе пайдаланатын кез келген тұлғасы;

рұқсат – Тараптың заңнамасында көзделген, Тараптың құзыретті органының тұлғаның көрсетілетін қызметтер саудасына, оны құруға және қызметіне құқығын растауы;

еркін пайдаланылатын валюта – ХВҚ туралы келісімнің баптарына сәйкес Халықаралық валюта қорының айқындауы бойынша еркін пайдаланылатын валютаны білдіреді;

көрсетілетін қызмет секторы Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығының Статистикалық комиссиясы (Central Products Classification) 1991 жылы бекіткен Негізгі өнімдердің халықаралық сыныптауышы негізінде айқындалады және сыныпталады және ол мыналарды:

а) Тарап тізбесінде белгіленгендей, жеке міндеттемеге қатысты осы көрсетілетін қызметтің бір немесе бірнеше немесе барлық кіші секторларын;

б) басқа жағдайларда осы көрсетілетін қызметтің барлық кіші секторларын қоса алғанда, оның толықтай бүкіл секторын білдіреді;

ХВҚ келісімінің баптары – 1944 жылғы 22 шілдедегі Халықаралық валюта қоры келісімінің баптары;

Тараптың аумағы – Тараптың аумағы, сондай-ақ халықаралық құқыққа және өз заңнамасына сәйкес егеменді құқықтар мен юрисдикцияны өзі жүзеге асыратын оның кеңістіктері;

экономикалық орындылыққа тест – көрсетілетін қызметтерді беруші қызметінің тиімділігін нақты саланың экономикалық жоспарлау мақсаттарына немесе ұлттық еңбек нарығының мүдделеріне сәйкестігін экономикалық бағалау арқылы нарықтың қажеттігі мен қажеттілігінің болуына қарай көрсетілетін қызметтерді құруға, оның қызметіне не саудасына, егер бұл ұлттық заңнамада көзделген болса, рұқсат беру. Ұлттық еңбек нарығының мүдделеріне сәйкестік онда көрсетілетін қызметтерді берушінің талаптарын қанағаттандыратын Тараптың жеке тұлғаларының болмауын тексеру арқылы айқындалады;

көрсетілетін қызметтер саудасы – көрсетілетін қызметтерді өндіруді, бөлуді, олардың маркетингін, сатуды, жеткізуді қамтитын және мынадай тәсілдермен:

а) бір Тараптың аумағынан кез келген екінші Тараптың аумағына;

б) бір Тараптың аумағында кез келген басқа Тараптың көрсетілетін қызметтерді тұтынушысына;

в) Тараптың жеке тұлғаларының кез келген басқа Тараптың аумағында болуы арқылы бір Тараптың көрсетілетін қызметтерді берушісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтерді беру;

мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде берілетін көрсетілетін қызмет – коммерциялық емес негізде және көрсетілетін қызметтердің бір немесе бірнеше берушісімен бәсекелес емес жағдайда берілетін кез келген көрсетілетін қызмет;

көрсетілетін қызметтер мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, кез келген сектордағы кез келген көрсетілетін қызметті қамтиды;

құру:

а) аумағында заңды тұлға құрылатын Тараптың заңнамасына сәйкес көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы және меншік нысанындағы мұндай заңды тұлғаны құру, ұйымдастыру және (немесе) иелену (ашылған немесе құрылған заңды тұлғаның капиталына қатысу);

б) тартыптың заңды тұлғасы қабылдайтын шешімдерді, оның ішінде дауыс беретін акцияларға (үлестерге) тиесілі дауыстарға билік ету арқылы, осындай заңды тұлғаның басқарушы органдарына (директорлар кеңесін, байқаушы кеңесті және өзге де басқару органдарын қоса алғанда) қатысу арқылы тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы айқындау және/немесе оларға ықпал ету мүмкіндігіне ие болуды білдіретін мұндай заңды тұлғаны бақылауды иелену; немесе

в) Тараптардың заңнамасына сәйкес филиал құру немесе өкілдік ашу;

г) Тараптардың заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелу;

жеке тұлға – Тараптың заңнамасына сәйкес оның азаматы;

заңды тұлға – Тарап аумағында осы Тараптың заңнамасына сәйкес кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда ашылған немесе құрылған ұйым.

Тараптардың жеке тізбелерінде пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар тиісті Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

I ТАРАУ

Жалпы міндеттемелер

2-бап

Ішкі реттеу

1. Осы баптың мақсаттары үшін секторлар мен қызмет түрлеріндегі көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне ықпал ететін Тараптардың шаралары деп лицензиялық талаптар мен рәсімдер, сондай-ақ біліктілік талаптары мен рәсімдер түсініледі.

2. Осы Келісімге Б, В және Г қосымшаларындағы Тараптардың жеке тізбелеріне сәйкес міндеттемелер қабылданған немесе алып қоюлар жоқ секторлар мен қызмет түрлеріндегі көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне ықпал ететін Тараптардың шараларына қатысты:

а) әрбір Тарап осы Тараптың көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне ықпал ететін кез келген шараларының ақылға қонымды, объективті және бейтарап түрде қолданылуын қамтамасыз етеді;

б) көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне рұқсат талап етілетін жағдайда Тараптың құзыретті органдары осы Тарап заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген деп есептелген өтінімді ұсынғаннан кейін ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде өтінішке қатысты шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Өтініш берушінің сұрау салуы бойынша Тараптардың құзыретті органдары өтініштің қаралу барысы туралы ақпаратты ақылға қонымды мерзімде және ұлттық заңнамада көзделген мерзімнен кешіктірмей ұсынады;

в) Тараптар:

құзыреттілік және көрсетілетін қызметті беру қабілеті сияқты объективті әрі жария өлшемшарттарға негізделмейтін;

лицензиялау рәсімдері жағдайында көрсетілетін қызметті беруге өздігінен шектеу болмаған;

көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз ету үшін қажет болғаннан артық ауыртпалық болмаған жолмен осы Келісімге Б және В қосымшаларына енгізілген шарттарға сәйкес ұсынылатын пайдаларды жоятын немесе қысқартатын лицензиялық немесе біліктілік талаптарын қолданбайды.

Егер Тараптардың жеке тізбелеріне сәйкес осы Келісімге Б және В қосымшаларында кәсіптік көрсетілетін қызметтер бөлігінде міндеттемелер (алып қоюлар жоқ) енгізілсе, әрбір Тарап кез келген басқа Тарап кәсіпқойларының құзыреттілігін тексеру үшін рәсімдерді өз заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Тараптардың көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне ықпал ететін шараларына қатысты:

3.1. Егер Тарап лицензиялау рәсімдері мен талаптарын (рұқсат беру рәсімдерін) қолданса, онда мұндай Тарап:

а) қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (рұқсаттар) беруге жауапты құзыретті билік органдары атауларының жариялануын немесе өзгеше түрде жалпы назарға жеткізілуін;

б) лицензиялық (рұқсат беру) рәсімдердің көрсетілетін қызметтер саудасына, оларды құру мен қызметіне өздігінен шектеу болып табылмауын және көрсетілетін қызметтер саудасына немесе қызметті жүзеге асыру құқығымен тікелей байланысты лицензиялық (рұқсат беру) талаптардың көрсетілетін қызметтер саудасы немесе қызмет үшін өздігінен негізсіз кедергі болып табылмауын;

в) барлық лицензиялық рәсімдер мен талаптардың заңнамада белгіленуін және лицензиялық рәсімдерді немесе талаптарды белгілейтін немесе қолданатын заңнаманың осы Келісімнің 4-бабының ережелеріне сәйкес алдын ала, бірақ ол күшіне енгеннен (қолданысқа енгізілгеннен) кешіктірілмей жариялануын;

г) құзыретті органдардың заңнаманың тиісті актісінде айқындалған уақыт кезеңі ішінде лицензия (рұқсат) беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдауын, ал лицензия (рұқсат) беруге өтініш беруге және оны қарауға байланысты өндіріп алынатын кез келген алымдардың заңнамаға сәйкес келуін және көрсетілетін қызметтер саудасы, оларды құру мен қызметі үшін өздігінен шектеу болып табылмауын және мөлшері ұлттық заңнамада айқындалатын радиожилік спектрін және нөмірлеу ресурстарын пайдаланғаны үшін лицензиялық төлемдерді қоспағанда, уәкілетті органның өтінішті қарауға және лицензияны (рұқсатты) беруге байланысты лицензияны (рұқсатты) беруге (беруден бас тартуға) арналған шығындарына негізделуін;

д) осы тармақтың "г" тармақшасында көрсетілген уақыт кезеңі өткеннен кейін және өтініш берушінің талабы бойынша Тараптың тиісті құзыретті органының өтініш берушіні өтінішінің қаралуының жай-күйі туралы, сондай-ақ бұл өтініштің тиісінше толтырылған болып есептелетіні туралы хабардар етуін қамтамасыз етеді. Кез келген жағдайда өтініш берушіге өтінішке техникалық түзетулер енгізу мүмкіндігі берілетін болады. Тарап заңнамасының тиісті актісінде көрсетілген барлық ақпарат пен құжаттар алынғанға дейін өтініш тиісінше толтырылған болып есептелмейді;

е) өтінішін қабылдаудан бас тартылған өтініш берушінің жазбаша талабы бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартқан құзыретті органның өтініш берушіні мұндай бас

тартудың себептері туралы жазбаша хабардар етуін қамтамасыз етеді. Алайда бұл жағдай құзыретті органнан ашылуы заңның орындалуына кедергі келтіретін немесе қоғамдық мүдделерге немесе қауіпсіздіктің елеулі мүдделеріне қайшы келетін ақпаратты ашуды талап ететін жағдай ретінде түсіндірілмеуге тиіс;

ж) өтінішті қабылдаудан бас тартылған жағдайда өтініш берушінің лицензия (рұқсат) беру туралы жаңа өтініш бере алуын немесе ескі өтінішке лицензия (рұқсат) беру үшін кез келген бар проблемаларды жоятын өзгерістер енгізуін қамтамасыз етеді.

3.2. Әрбір Тарап сот, төрелік немесе әкімшілік органдарды немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе мүдделері қозғалған тұлғаның сұрау салуы бойынша кідіртпей қарауды және негізделген жағдайда көрсетілетін қызметтер саудасын, оларды құру мен қызметін қозғайтын әкімшілік шешімдердің тиісті түрде түзетілуін қамтамасыз ететін рәсімдерді сақтайды немесе мүмкіндігінше жақын арада жасайды. Аталған рәсімдер осындай әкімшілік шешімдер қабылдауға уәкілетті органнан тәуелсіз болып табылмайтын жағдайларда Тарап осындай рәсімдер шеңберінде көрсетілген мәселелердің объективті әрі бейтарап қаралуын қамтамасыз етеді.

4. Қаржылық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Д қосымшасында көзделген.

5. Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Е қосымшасында көзделген.

3-бап

Тану

1. Көрсетілетін қызметтерді берушілердің рұқсаттарына, лицензиялануына немесе сертификатталуына, сондай-ақ оларды құру мен қызметіне қатысты өзінің тиісті стандарттарын немесе өлшемшарттарын орындау үшін әрбір Тарап екінші Тараптың алған білімін немесе тәжірибесін тану туралы, ұсынған лицензияларының (рұқсаттарының) немесе сертификаттарының талаптарға сәйкестігі туралы кез келген сұрау салуларын тиісті түрде қарауға міндетті. Мұндай тану екінші Тараппен келісім немесе уағдаластық негізінде жүзеге асырылуы немесе Тараптың шешімі бойынша біржақты тәртіппен берілуі мүмкін.

2. Тарап келісім немесе уағдаластық негізінде үшінші Тараптың аумағында алған білімін немесе тәжірибесін, талаптарға сәйкестігін немесе алған лицензиялары (рұқсаттары) мен сертификаттарын таныған жағдайда мұндай бірінші Тарап кез келген басқа Тарапқа оның осындай келісімге немесе уағдаластыққа қосылуы туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін немесе салыстырмалы келісімдер немесе уағдаластықтар жасасу туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін ұсынуға тиіс. Егер Тарап тануды біржақты тәртіппен жүзеге асырса, онда ол кез келген басқа Тарапқа өз аумағында алған білімі, тәжірибесі, лицензиялары (рұқсаттары) мен сертификаттары

Тараптардың заңнамасына сәйкес танылуға тиіс екенін көрсетуге тиісті мүмкіндік береді.

3. Тану стандарттарды немесе рұқсаттар өлшемшарттарын қолдануда, көрсетілетін қызметтерді берушілерді лицензиялауда немесе сертификаттауда Тараптар арасындағы кемсітушілік құралына немесе көрсетілетін қызметтер саудасындағы, сондай-ақ оларды құру мен қызметіне қатысты жасырын шектеулерге айналмайтындай түрде ұсынылуға тиіс.

4-бап

Транспаренттілік

1. Әрбір Тарап өзінің заңнамалық актілері мен өзі қатысушысы болып табылатын және осы Келісімде қамтылатын мәселелерді қозғайтын немесе қозғауы мүмкін халықаралық келісімдердің ресми дереккөзде және (немесе) Тарап айқындайтын интернет-сайтта құқықтары және (немесе) міндеттемелері Тараптың осындай заңнамалық актілерімен және халықаралық келісімдерімен қозғалуы мүмкін кез келген тұлғаның олармен танысуға мүмкіндігі болатындай түрде жариялануын қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңнамалық актілер құқықтары және (немесе) міндеттемелері осы заңнамамен қозғалуы мүмкін тұлғалардың құқықтық айқындалуын және негізделген күтулерін қамтамасыз ететін мерзімде, бірақ кез келген жағдайда ол күшіне енген (қолданысқа енгізілген) күннен кешіктірілмей кідіріссіз жариялануға тиіс.

Мұндай жарияланым іс жүзінде жүзеге асырылмайтын жағдайда осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңнамалық актілер ұлттық заңнамада көзделген өзгеше түрде жалпы назарға жеткізіледі.

3. Әрбір Тарап кез келген тұлғаның осы Келісімде қамтылатын мәселелер бойынша қолданыстағы және (немесе) жоспарланып отырған заңнамалық актіге қатысы бар жазбаша сұрау салуларына жауап беруді қамтамасыз етеді. Сұрау салуларға жауаптар Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес, бірақ жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей осындай мүдделі тұлғаға берілуге тиіс. Айрықша жағдайларда Тарап мүдделі тұлғаға белгіленген мерзімнің ұзартылғаны туралы хабар береді.

5-бап

Құпия ақпаратты ашу

1. Осы Келісімде ешнәрсе де қандай да бір Тараптан ашылуы оның ұлттық заңнаманы қолдануына кедергі келтіруі немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде

қайшы келуі немесе жекелеген заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің заңды коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін құпия ақпарат беруді талап етпейді.

2. Қаржылық көрсетілетін қызметтер саласындағы құпия ақпаратты ашу осы Келісімге Д қосымшасымен реттеледі.

6-бап

Көрсетілетін қызметтердің монополиялық және айрықша өнім берушілері

1. Әрбір Тарап көрсетілетін қызметті монополиялық беру және (немесе) тиісті нарықта өзге де монополиялық қызметті жүзеге асыру кезінде көрсетілетін қызметтің кез келген монополиялық өнім берушісінің осы Келісімнің II, III, IV тараулары бойынша осы Тараптың міндеттемелеріне сәйкес келмейтін түрде әрекет етпеуін қамтамасыз етеді.

2. Егер бір Тараптың аумағында көрсетілетін қызметтің монополиялық өнім берушісі болып табылатын заңды тұлға өзінің монополиялық құқықтары аясынан тыс басқа Тараптардың тұлғаларымен тікелей немесе өзі бақылайтын заңды тұлға арқылы бәсекелесетін болса, онда бірінші Тарап өзінің мұндай заңды тұлғасының осы Келісім бойынша осындай бірінші Тараптың міндеттемелеріне сәйкес келмейтін түрде бірінші Тарап аумағында әрекет ете отырып, өзінің монополиялық жағдайын теріс пайдаланбауын қамтамасыз етеді.

3. Осы баптың ережелері көрсетілетін қызметтердің айрықша өнім берушілеріне де қолданылады.

7-бап Теңдік қағидаты

1. Капиталына осы Тарап қатысатын немесе осы Тарап бақылайтын тұлғалар Тарап аумағында сақталған жағдайда, мұндай Тарап аталған тұлғалардың:

а) көрсетілетін қызметтің немесе тауардың бағасын, сапасын, қолжетімділігін, олардың өткізілуін, тасымалдау шарттарын және сатып алудың, сатудың немесе берудің басқа да шарттарын қоса алғанда, өз қызметін коммерциялық пайымдаулар негізінде жүзеге асыруын және осы Келісіммен реттелетін қатынастарда:

осы қатынастардың өзге де қатысушыларымен теңдік қағидаты негізінде;

азаматтығына, тіркелген (құрылған) жеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарай осы қатынастардың өзге де қатысушыларын кемсітпеу қағидаты негізінде өкілдік етуін, сондай-ақ

б) капиталына мемлекет қатысатын немесе мемлекет бақылайтын осындай тұлғалардың қызметі әлеуметтік саясат міндеттерін шешуге бағытталған жағдайларды қоспағанда,

сондай-ақ осы Келісімге Б және В қосымшаларында Тараптардың жеке тізбелерінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда,

осы Тараптың олардың капиталдарына қатысуына немесе осы Тараптың оларды бақылауына байланысты ғана құқықтар, артықшылықтар немесе міндеттер алмауын қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері айрықша құқықтар берілген және осы Келісімнің 21-бабы 1-тармағының "б" және "в" тармақшаларының негізінде осы Келісімге Б және В қосымшаларындағы Тараптардың жеке тізбелеріне енгізілген тұлғаларды және осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағына сәйкес монополиялық құқықтарға ие тұлғаларды қоспағанда, формальды немесе іс жүзінде айрықша құқықтар берілген тұлғаларға да қолданылады.

3. Тараптардың әрқайсысы мемлекеттік биліктің немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың кез келген деңгейіндегі өзінің барлық органдарының реттелуі тиісті органның құзыреті саласына кіретін экономика секторында шаруашылық қызметті жүзеге асыратын кез келген тұлғаға тәуелсіз, бақыланбайтын және есеп бермейтіндей болуын қамтамасыз етеді. Тараптың шаралары, оның ішінде осы тармақта көрсетілген органның шешімдері ол белгілейтін және қолданатын қағидалар мен рәсімдер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын барлық тұлғаларға қатысты бейтарап әрі объективті болуға тиіс.

4. Осы баптың ережелері мемлекеттік сатып алуға және мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.

8-бап Шектеулер немесе тыйымдар

1. Егер Тараптардың бірі үшінші мемлекетке қатысты құруға, қызметіне, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты шектеулерді немесе тыйымдарды сақтаса, осы Келісімде ешнәрсе де, егер мұндай тұлға көрсетілген үшінші мемлекеттің тұлғасына толық тиесілі болса немесе ол бақыласа, ал осы Келісім ережелерінің қолданылуы жоғарыда көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді айналып өтуге немесе бұзуға алып келетін болса, мұндай Тараптың осы Келісімнің ережелерін екінші Тараптың тұлғаларына қолдануын міндеттейтін жағдай ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. Тарап құруға, қызметіне, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты екінші Тараптың тұлғаларына, егер екінші Тараптың мұндай тұлғасы осындай екінші Тараптың аумағында елеулі іскерлік операцияларды жүзеге асырмаса және ол бірінші Тараптың тұлғасына немесе осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын мемлекеттің тұлғасына тиесілі болса немесе олар бақылайтын болса, осы Келісімге сәйкес өзі қабылдайтын міндеттемелерді таратпауы мүмкін.

9-бап Жалпы ерекшеліктер

Мұндай шаралар мемлекеттер арасында ерікті немесе негізсіз кемсітушілік құралдарын немесе көрсетілетін қызметтер саудасы, құру мен қызметі, инвестицияларды жүзеге асыру үшін жасырын шектеулер туғызатын тәсілмен қолданылмайтын жағдайда осы Келісімде ешнәрсе де кез келген Тарапқа:

а) қоғамдық моральды қорғау немесе қоғамдық тәртіпті сақтап тұруға қажетті шаралар қабылдауға немесе қолдануға кедергі келтірмейді. Қоғамдық тәртіп тұрғысынан алғандағы ерекшеліктер қоғамның негіз қалаушы мүдделерінің біріне қатысты нақты және айтарлықтай елеулі қауіп төнген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін;

б) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілігін немесе саулығын қорғау үшін қажетті;

в) мыналарға:

азаматтық-құқықтық шарттарды сақтамаудың жаңылыстыратын және жосықсыз практикасын немесе салдарын болғызбауға;

жеке сипаттағы мәліметтерді өңдеу мен тарату және жеке өмірі мен банктік шоттары туралы мәліметтердің құпиялылығын қорғау кезінде жекелеген адамдардың жеке өміріне араласудан қорғауға;

қауіпсіздікке қатысы бар шараларды қоса алғанда, осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін Тараптардың заңнамасын сақтауға қажетті;

г) бұл шаралар көрсетілетін қызметтер саудасына, құру мен қызметіне қатысты екінші Тарап тұлғаларына кемсітусіз салық салуға бағытталған жағдайда, осы Келісімнің 15, 20, 25 және 30-баптарымен үйлеспейтін шаралар қабылдауға немесе қолдануға кедергі келтірмейді.

10-бап

Қауіпсіздік тұрғысынан алғандағы ерекшеліктер

1. Осы Келісімде ешнәрсе де кез келген Тарап үшін өзінің елдің қорғанысы немесе мемлекеттің қауіпсіздігі саласындағы:

а) қарулы күштерді жабдықтау мақсатында тікелей немесе жанама жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды беруге қатысты;

б) ядролық немесе термоядролық оқ-дәрілерге немесе олар алынған материалдарға қатысты;

в) соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастардағы басқа да төтенше мән-жайларда қабылданған аса маңызды мүдделерін қорғау үшін өзі қажетті деп санайтын кез келген әрекет жасауына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. Осы Келісімде ешнәрсе де ашылуын Тарап өз қауіпсіздігінің аса маңызды мүдделеріне қайшы келеді деп санайтын қандай да бір ақпарат беру талабы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

3. Осы Келісімде ешнәрсе де халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау немесе қалпына келтіру мақсатында БҰҰ Жарғысына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін кез келген Тарапқа кез келген әрекет жасауға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

11-бап

Төлем балансын қорғау мақсатындағы шектеулер

1. Төлем балансының жай-күйі айтарлықтай нашарлаған, сыртқы қаржылық қиындықтар, алтын-валюта резервтерінің айтарлықтай қысқаруы, ұлттық валюта бағамының күрт ауытқуы немесе сондай қауіп төнген жағдайда Тарап аударымдар мен төлемдерге қатысты шектеулер қабылдап, қолдана алады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шектеулер:

а) Тараптар арасында кемсітушілік тудырмауға тиіс;

б) ХВҚ Келісімінің баптарына сәйкес келуге тиіс;

в) кез келген басқа Тараптың коммерциялық, экономикалық және қаржылық мүдделеріне артық залал келтірмеуге тиіс;

г) шектеулер осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайларды еңсеру үшін қажет болған шектеулерден аса ауыр болмауға тиіс;

д) уақытша болуға және осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайлардың жойылуына қарай біртіндеп алып тасталуға тиіс.

3. Мұндай шектеулердің қолданылу аясын айқындау кезінде Тараптар өздерінің экономикалық бағдарламалары немесе даму бағдарламалары үшін неғұрлым маңызды болып табылатын экономика секторларына артықшылық бере алады. Алайда мұндай шектеулер экономиканың белгілі бір секторын қорғау мақсатында белгіленбейді және сақталмайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Тарап енгізген кез келген шектеулер және олардың кез келген өзгерістері осындай шектеулер енгізілген/өзгерген күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей басқа Тараптарға және ТМД Атқарушы комитетіне кідіріссіз хабар беру нысанасы болып табылады.

12-бап

Төлемдер мен аударымдар

1. Осы Келісімнің 11-бабында көзделген мән-жайларды қоспағанда, Тараптар өз міндеттемелерінің жеке тізбелеріне қатысты ағымдағы операциялар бойынша халықаралық аударымдар мен төлемдерге қатысты шектеулер қолданбайды.

2. Осы Келісімнің 11-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда немесе Халықаралық валюта қорының өтініші бойынша Тарап осындай операцияларға

қатысты өзінің жеке міндеттемелерімен үйлеспейтін капиталмен қандай да бір операцияларға шектеулер белгілемеген жағдайда, ХВҚ Келісімінің баптарымен үйлесетін валюталық операциялар жүргізуді қоса алғанда, осы Келісімде ешнәрсе де ХВҚ Келісімінің баптарына сәйкес Халықаралық валюта қорына мүше Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

II ТАРАУ Көрсетілетін қызметтердің трансшекаралық саудасы

13-бап Қолданылу аясы

1. Осы тараудың ережелері Тараптардың:

а) бір Тараптың аумағынан кез келген басқа Тараптың аумағына;
б) бір Тараптың аумағында кез келген басқа Тараптың көрсетілетін қызметтерді тұтынушысына көрсетілетін қызметтердің трансшекаралық саудасына ықпал ететін шараларына қолданылады.

2. Осы тараудың ережелері:

а) әуе көлігімен тасымалдау құқықтарын қозғайтын шараларға, олар қандай нысанда ұсынылса да және (немесе) мыналардан:

әуе кемелеріне жөндеу және пайдалану (техникалық) қызметтерін көрсетуден;

көрсетілетін авиакөліктік қызметтерді сатудан және олардың маркетингінен;

компьютерлік резервтеу жүйесі көрсететін қызметтерден басқа, әуе көлігімен тасымалдау құқықтарына тікелей қатысы бар көрсетілетін қызметтерге;

б) ГАТС-тың XIII бабына сәйкес түсінілетін мемлекеттік сатып алуға;

в) мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде көрсетілетін қызметтерге;

г) субсидиялар мен мемлекеттік және муниципалдық қолдаудың өзге де түрлеріне қолданылмайды.

3. Қаржылық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Д қосымшасында көзделген.

4. Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Е қосымшасында көзделген.

14-бап Барынша қолайлылық режимі

1. Осы Келісімге А қосымшасындағы осындай Тараптың жеке тізбесінде көзделген шараларды қоспағанда, осы Келісімнің әрбір Тарапы осы тарауда қамтылатын кез келген шараға қатысты осы Келісімнің кез келген басқа Тарапы көрсететін қызметтер мен оның көрсетілетін қызметтерді берушілеріне өзі осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің осыған ұқсас көрсетілетін қызметтері мен көрсетілетін қызметтерді берушілеріне ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының шекараға іргелес аумақтарында жергілікті деңгейде өндірілетін және тұтынылатын көрсетілетін қызметтердің шекара маңындағы саудасын жеңілдету мақсатында Тараптардың шектес елдерге артықшылықтар беруіне кедергі келтірмейді.

3. Осы Келісімнің ешбір ережесі басқа Тараптар көрсететін қызметтерге және (немесе) олардың көрсетілетін қызметтерді берушілеріне осындай Тарап:

а) ГАТС-тың V бабының талаптарына сәйкес келетін экономикалық интеграция, көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық және т.б. туралы осындай Тараптың келісімдеріне сәйкес; немесе

б) қосарланған салық салуға жол бермеу туралы келісімдер немесе салық мәселелері жөніндегі өзге де уағдаластықтар негізінде ұсынып жүрген немесе ұсынатын оның пайдалар немесе артықшылықтар беру міндеттемелерін білдірмейді.

15-бап

Ұлттық режим

1. Осы Келісімге Б қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көзделген секторларда және оларда айтылған шарттар мен шектеулерге сәйкес әрбір Тарап көрсетілетін қызметтердің трансшекаралық саудасына ықпал ететін кез келген шараларға қатысты кез келген басқа Тарап көрсететін қызметтер мен оның көрсетілетін қызметтерді берушілеріне осыған ұқсас өзі көрсететін қызметтер мен көрсетілетін қызметтерді берушілеріне өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Тараптар кез келген басқа Тарап көрсететін қызметтер мен оның көрсетілетін қызметтерді берушілеріне не өзінің осыған ұқсас көрсетілетін қызметтеріне немесе көрсетілетін қызметтерді берушілеріне қандай режим ұсынылатынына қатысты формальды түрде осындай (ұқсас) режимді не формальды түрде өзге (ерекшеленетін) режимді ұсыну арқылы осы баптың 1-тармағының талаптарын орындауы мүмкін.

3. Егер формальды түрдегі осындай (ұқсас) режим немесе формальды түрдегі әртүрлі режим бәсекелестік шарттарын кез келген басқа Тарап көрсететін осыған ұқсас қызметтер мен оның көрсетілетін қызметтерді берушілерімен салыстырғанда осы Тарап көрсететін қызметтердің немесе оның көрсетілетін қызметтерді берушілерінің пайдасына өзгертсе, онда ол онша қолайлы емес болып есептеледі.

16-бап

Нарыққа қол жеткізу

Осы Келісімге Б қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көзделген секторларда және оларда айтылған шарттар мен шектеулерге сәйкес Тараптардың

ешқайсысы да көрсетілетін қызметтердің трансшекаралық саудасына байланысты екінші Тарап көрсететін қызметтерге және (немесе) оның көрсетілетін қызметтерді берушілеріне қатысты:

а) сандық квоталар, монополиялар нысанындағы көрсетілетін қызметтерді берушілердің, көрсетілетін қызметтерді айрықша берушілердің санына немесе экономикалық орындылыққа тестіні растау талаптарына қатысты шектеулерді;

б) көрсетілетін қызметтерді кез келген берушісінің қызметтерді беру жөніндегі операцияларының жалпы санына немесе квота, экономикалық орындылыққа тест нысанында немесе кез келген өзге де сандық нысанда белгіленген сандық өлшем бірліктері түрінде көрсетілетін қызметтер өндірісінің жалпы көлеміне қатысты шектеулерді;

в) көрсетілетін қызметтер бойынша мәмілелердің немесе сандық квоталар немесе экономикалық орындылыққа тест талаптары нысанындағы активтердің жалпы құнын шектеулерді;

г) құруға, сондай-ақ құрудың ұйымдық-құқықтық нысанына қатысты талаптарды қолданбайды және енгізбейді.

Егер Тарап көрсетілетін қызметті бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына беруге қатысты нарыққа қол жеткізу туралы міндеттеме алса және егер капиталдың трансшекаралық қозғалысы көрсетілетін қызметтің елеулі бөлігі болып табылса, онда мұндай Тарап осыған байланысты капиталдың көрсетілген қозғалысына рұқсат беруге міндеттенеді.

17-бап Қосымша міндеттемелер

Осы Келісімнің 15 және 16-баптарына сәйкес міндеттемелер тізбелеріне енгізуге жатпайтын, оның ішінде біліктілік, стандарттар және лицензиялау мәселелеріне қатысы бар шаралар осы Келісімге Б қосымшасының "Қосымша міндеттемелер" деген бөліміне Тараптардың жеке тізбелеріне енгізіледі.

III ТАРАУ

Құру және қызметі

18-бап Қолданылу аясы

1. Осы тараудың ережелері:

а) осы Тараптың аумағында екінші Тарап тұлғаларының құруына ықпал ететін Тараптың кез келген шараларына;

б) осы Тараптың аумағында екінші Тараптың тұлғалары құрған (жасаған, ашқан) заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің, екінші Тараптың аумағында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген екінші Тараптың жеке тұлғаларының осы Келісім күшіне

енген күнгі және одан кейінгі қызметіне ықпал ететін Тараптың кез келген шараларына қолданылады.

2. Осы тараудың ережелері Тараптың аумағында:

а) ГАТС-тың XIII бабына сәйкес түсінілетін мемлекеттік сатып алуға және осы Тараптың заңнамасына сәйкес мемлекеттік билік функцияларын орындаумен байланысты қызметке;

б) субсидиялар мен мемлекеттік және муниципалдық қолдаудың өзге де түрлеріне қолданылмайды.

3. Осы тараудың ережелері Тарап аумағында әуе көлігімен тасымалдау құқықтарын қозғайтын шараларға, олар қандай нысанда ұсынылса да және (немесе) мыналардан:

әуе кемелеріне жөндеу және пайдалану (техникалық) қызметтерін көрсетуден;

көрсетілетін авиакөліктік қызметтерді сатудан және олардың маркетингінен;

компьютерлік резервтеу жүйесі көрсететін қызметтерден басқа әуе көлігімен тасымалдау құқықтарына тікелей қатысты көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.

4. Қаржылық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Д қосымшасында көзделген.

5. Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері осы Келісімге Е қосымшасында көзделген.

19-бап Барынша қолайлылық режимі

1. Әрбір Тарап осы Келісімге А қосымшасындағы Тараптардың әрқайсысының жеке тізбесінде көзделген шараларды қоспағанда, осы тарауда қамтылатын кез келген шараға қатысты кез келген басқа Тараптың тұлғаларына құру мен қызметке қатысты осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің тұлғаларына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді дереу және сөзсіз ұсынады.

2. Осы Келісімнің ережелері шекара маңындағы аумақтар шегіндегі құруды және (немесе) осындай аумақтар шеңберіндегі қызметті жеңілдету мақсатында шектес елдерге қатысты Тараптардың артықшылықтар беруіне кедергі келтірмейді.

3. Осы Келісімнің ешбір ережесі құру мен қызметке қатысты басқа Тараптардың тұлғаларына осындай Тарап:

а) ГАТС-тың V бабының талаптарына сәйкес келетін экономикалық интеграция, көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық және т.б. туралы осындай Тараптың келісімдеріне сәйкес; немесе

б) қосарланған салық салуға жол бермеу туралы келісімдер немесе салық мәселелері жөніндегі өзге де уағдаластықтар негізінде ұсынып жүрген немесе ұсынатын оның пайдалар немесе артықшылықтар беру міндеттемелерін білдірмейді.

20-бап Ұлттық режим

1. Осы Келісімге В қосымшасындағы Тараптардың әрқайсысының жеке тізбесінде көзделген шектеулер мен шарттарды ескере отырып, әрбір Тарап құруға және (немесе) қызметке қатысты кез келген басқа Тараптың тұлғаларына өз аумағында өз тұлғаларына ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Тараптар өз тұлғаларына қандай режим ұсынылатынына қатысты формальды түрде сондай (ұқсас) режимді не формальды түрде өзге (ерекшеленетін) режимді кез келген басқа Тарап тұлғаларына ұсыну арқылы осы баптың 1-тармағының талаптарын орындауы мүмкін.

3. Егер формальды түрдегі осындай (ұқсас) режим немесе формальды түрдегі өзге (ерекшеленетін) режим бәсекелестік шарттарын кез келген басқа Тараптың тұлғаларымен салыстырғанда осы Тарап тұлғаларының пайдасына өзгертсе, онда ол онша қолайлы емес болып есептеледі.

21-бап

Құру және қызмет кезінде нарыққа қол жеткізу бойынша шектеулер

Осы Келісімге В қосымшасындағы Тараптардың әрқайсысына арналған жеке тізбеде көзделген шектеулер мен шарттарды ескере отырып, құруға және (немесе) қызметке байланысты кез келген басқа Тараптың тұлғаларына қатысты Тараптардың ешқайсысы да:

а) заңды және жеке тұлғаны құру нысаны, оның ішінде ұйымдық-құқықтық нысаны ;

б) құрылатын заңды тұлғалардың, филиалдардың немесе өкілдіктердің; тіркелетін дара кәсіпкерлердің саны;

в) заңды тұлға капиталындағы сатып алынатын көлем, үлес немесе заңды тұлғаны бақылау дәрежесі;

г) құрылған заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің, тіркелген дара кәсіпкердің квота, экономикалық орындылыққа тест нысанында немесе кез келген өзге де сандық нысанда өз қызметін жүзеге асыруы барысында олардың жасаған мәмілелері/ операциялары;

д) құрылатын заңды тұлға жалдауы мүмкін немесе квота немесе экономикалық орындылыққа тест нысанындағы қызметке қажетті және тікелей қатысы бар жеке тұлғалардың жалпы санын шектеу бөлігінде шектеулерді қолданбайды және енгізбейді.

Егер Тарап екінші Тараптың аумағында құру арқылы бір Тараптың көрсетілетін қызметтерді берушісінің қызметті беруіне қатысты нарыққа қол жеткізу туралы міндеттеме алса, ол осыған байланысты өз аумағына капиталды тиісті аударуға рұқсат беруге міндеттенеді.

22-бап

Құжаттарды заңдастыру

Тараптар кез келген басқа Тарап тұлғаларының қатысуымен заңды тұлғалар, филиалдар немесе өкілдіктер құру кезінде Тараптың мемлекеттік билігінің тіркеуші органына ұсынылатын құжаттарды заңдастыруды немесе оларға апостиль қоюды талап етпейді.

IV ТАРАУ Жеке тұлғалардың уақытша болу ерекшеліктері

23-бап Қолданылу аясы

1. Осы тарау көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы мақсаттары үшін осы Келісімге Г қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көрсетілген бір Тараптың жеке тұлғалары санаттарының басқа Тараптардың аумақтарына уақытша кіруіне және онда болуына ықпал ететін шараларға қолданылады.

2. Осы тараудың ережелері Тарап аумағында субсидиялар мен мемлекеттік және муниципалдық қолдаудың өзге де нысандарына қолданылмайды.

3. Осы Келісімнің ережелері Тарап шекараларының тұтастығын қорғау және жеке тұлғалардың шекара арқылы реттелген түрде жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар осы Келісімге Г қосымшасындағы жеке тізбеде белгіленген шарттарға сәйкес кез келген Тарап алатын пайданы жою немесе қысқарту тәсілімен қолданылмайтын жағдайда, осындай шараларды қоса алғанда, жеке тұлғалардың өз аумағына кіруін немесе олардың аумақта уақытша болуын реттеу үшін Тараптардың шараларды қолдануына кедергі келтірмейді.

4. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың жеке тұлғаларының жұмыспен қамту нарығына қол жеткізу, тұрақты тұру, тұруға ықтиярхат немесе азаматтық алу мақсатында бір Тараптың жеке тұлғаларының екінші Тарап аумағына кіруіне немесе онда болуына, екінші Тараптың жеке тұлғаларына виза беру, сондай-ақ тұрақты негізде жалдау талаптарына немесе рәсімдеріне қолданылмайды.

24-бап

Барынша қолайлылық режимі

1. Әрбір Тарап осы тарауда қамтылатын кез келген шараға қатысты осы Келісімнің 23-бабының 1-тармағында көрсетілген жеке тұлғалардың санаттарына осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің жеке тұлғаларының осыған ұқсас санаттарына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Егер мұндай шаралар осы Келісімге А қосымшасындағы осындай Тараптың жеке тізбесінде көзделген болса, Тарап осы баптың 1-тармағына сәйкес келмейтін шараларды қолдана алады.

3. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың шекараға іргелес аумақтарында жергілікті деңгейде өндірілетін және тұтынылатын көрсетілетін қызметтердің шекара маңындағы саудасын жеңілдету мақсатында, сондай-ақ инвестицияларды жүзеге асыру үшін Тараптардың шектес елдерге артықшылықтар беруіне кедергі келтірмейді.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес ұсынылатын режим:

а) осындай Тараптың экономикалық интеграция, көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы туралы келісімдеріне және өзге де ұқсас уағдаластықтарға сәйкес, егер олар ГАТС-тың V бабының өлшемшарттары мен талаптарына сәйкес келген жағдайда; немесе

б) қосарланған салық салуға жол бермеу туралы келісімдер немесе салық салу мәселелері жөніндегі өзге де уағдаластықтар негізінде Тарап ұсынып жүрген немесе келешекте ұсынатын артықшылықтарға қолданылмайды.

25-бап

Ұлттық режим

1. Осы Келісімге Г қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көзделген секторларда және оларда айтылған шарттар мен шектеулерге сәйкес әрбір Тарап осы тарауда қамтылатын кез келген шараға қатысты осы Келісімнің 23-бабының 1-тармағында көрсетілген басқа Тараптардың жеке тұлғаларының санаттарына өзінің жеке тұлғаларының осыған ұқсас санаттарына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Тараптар осындай Тарап өзінің жеке тұлғаларының ұқсас санаттарына ұсынатын режимге қатысты басқа Тараптардың жеке тұлғаларының тиісті санаттарына не формальды түрде осындай (ұқсас) режимді, не формальды түрде өзге режимді ұсыну арқылы осы баптың 1-тармағының талаптарын орындауы мүмкін.

3. Егер формальды түрдегі осындай (ұқсас) режим немесе формальды түрдегі әртүрлі режим бәсекелестік шарттарын, кез келген басқа Тараптың осыған ұқсас көрсететін қызметтерімен, көрсетілетін қызметтерді берушілерімен және инвесторларымен салыстырғанда осы Тарап көрсететін қызметтердің, оның көрсетілетін қызметтерді берушілері мен инвесторларының пайдасына өзгертсе, онда ол онша қолайлы емес болып есептеледі.

26-бап

Нарыққа қол жеткізу

Осы Келісімге Г қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көзделген секторларда және оларда айтылған шарттар мен шектеулерге сәйкес осы Келісімнің 23-

бабының 1-тармағында көрсетілген басқа Тараптардың жеке тұлғаларының санаттарына қатысты Тараптардың ешқайсысы да:

басқа Тараптың нақты секторда жұмыспен қамтылуы (тиісті секторда көрсетілетін қызметті беруді жүзеге асыру) мүмкін жеке тұлғаларының жалпы санын шектеуді;

экономикалық орындылығын растау талабын қолданбайды және енгізбейді.

27-бап

Қосымша міндеттемелер

Осы Келісімнің 25 және 26-баптарына сәйкес міндеттемелер тізбелеріне енгізуге жатпайтын шаралар, оның ішінде біліктілік, стандарттар және лицензиялау мәселелеріне қатысы бар шаралар осы Келісімге Г қосымшасының "Қосымша міндеттемелер" деген бөліміне Тараптардың жеке тізбелеріне енгізіледі.

V ТАРАУ

Инвестициялар

28-бап Қолданылу саласы

1. Осы тарау осы Келісім күшіне енгеннен кейін бір Тараптың инвесторлары екінші Тараптың аумағында жүзеге асырған инвестицияларға қолданылады.

2. Осы тарау Тараптың субсидиялар беруіне немесе мемлекеттік және муниципалдық қолдауының өзге де нысандарына қолданылмайды.

29-бап

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес өз аумағында инвестицияларды жүзеге асыру үшін екінші Тараптың инвесторларына қолайлы жағдайлар жасайды.

2. Әрбір Тарап өз аумағында өзінің заңнамасына сәйкес екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына толық қауіпсіздік пен қорғауды ұсынады.

30-бап

Ұлттық режим

1. Әрбір Тарап өз аумағында екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына өз инвесторларының инвестицияларына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұлттық режимнен алып қоюларды қабылдау және қолдану құқығын сақтайды.

31-бап

Барынша қолайлылық режимі

1. Әрбір Тарап өз аумағында екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына кез келген үшінші мемлекет инвесторларының инвестицияларына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Осы Келісімде ешнәрсе де Тараптың екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына:

а) бірінші Тараптың еркін сауда туралы, кеден одақтарын құру туралы келісімдер немесе оларға алып келетін уағдаластықтар сияқты экономикалық интеграция туралы келісімдеріне сәйкес;

б) қосарланған салық салуға жол бермеу туралы келісімдер немесе салық салу мәселелері бойынша басқа да уағдаластықтар негізінде бірінші Тарап ұсынып жүрген немесе келешекте ұсынатын артықшылықтар немесе жеңілдіктер беру міндеті ретінде түсіндірілмейді.

32-бап

Залалды өтеу

Әрбір Тарап екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына өз аумағындағы осындай инвесторлардың инвестицияларына соғыс қимылдары, қарулы қақтығыс, азаматтық тәртіпсіздіктер, азаматтық толқулар, революция, төтенше ұлттық жағдай, бүлік, көтеріліс немесе өзге де осыған ұқсас мән-жайлар салдарынан осындай инвесторлардың инвестицияларына келтірілген залалды өтеу үшін өзі қабылдайтын немесе сақтайтын шараларға қатысты:

а) өз инвесторларының инвестицияларына; немесе

б) кез келген үшінші мемлекет инвесторларының инвестицияларына өзі ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

33-бап Экспроприация

1. Бір Тарап инвесторларының екінші Тарап аумағында жүзеге асырылған инвестициялары тікелей немесе жанама түрде экспроприациялауға, ұлт меншігіне алуға немесе осы инвестордың өз инвестицияларын пайдалануына, иеленуіне немесе билік етуіне кедергі келтіретін, ұқсас әсері бар (бұдан әрі "экспроприация" деп аталатын) шараларға ұшырамауға тиіс, бұған осындай шаралар:

қоғамдық мүдде үшін, атап айтқанда осы Келісімнің 9-бабы шеңберінде,

бірінші Тараптың заңнамасында белгіленген рәсімге сәйкес жүзеге асырылатын жағдай қосылмайды. Бұл ретте көрсетілген рәсім экспроприацияны жүзеге асыру

күніне дейін ресми түрде жариялануға немесе өзге де жолмен жұртшылықтың танысуы үшін қолжетімді болуға тиіс;

кемсітусіз негізде және осы баптың 4-тармағына сәйкес уақтылы, барабар және тиімді өтемақы төлене отырып жүзеге асырылатын жағдай қосылмайды.

2. Тарап шарасының (шаралар кешенінің) экспроприация болып табылатынын анықтау әрбір жекелеген жағдайды мынадай фактілердің:

а) Тарап шарасының (шаралар кешенінің) екінші Тарап инвесторы инвестицияларының құндылығына теріс әсер ету фактісінің өзі экспроприацияның орын алғанын анықтау болып табылмаса да, осындай шараның (шаралар кешенінің) инвестор инвестицияларының нарықтық құнына әсер етуінің;

б) осындай шараның (шаралар кешенінің) ұзақтығын қоса алғанда, осындай шара (шаралар кешені) сипатының негізінде бағалауды талап етеді.

3. Мыналар:

а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылған екінші Тараптың тергеу және сот органдарының Тарап инвесторының инвестицияларына қолданатын қамтамасыз ету шаралары;

б) салықтар мен алымдар ерікті болып табылмайтын және осындай Тарап қатысушысы болып табылатын салық салу мәселелері жөніндегі халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарды ескере отырып, инвестордың немесе капиталдың шығу тегіне байланысты сараланған мөлшерлемені көздемейтін жағдайда, Тараптың осы салықтар мен алымдарды белгілеуге және алуға байланысты шаралары;

в) мұндай шаралар дүлей зілзалалар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялық және төтенше сипатқа ие өзге де ұқсас мән-жайлар жағдайында қолданылатын, ал реквизициялауға ұшыраған мүлік төтенше жағдай тоқтағаннан кейін осындай мүліктің нарықтық құнына сәйкес оған келтірілген залал өтемақысы төлене отырып, негізсіз кідіріссіз екінші Тараптың инвесторына қайтарылған жағдайда, Тараптың инвестор инвестицияларын реквизициялауы;

г) кедендік реттеу шаралары;

д) ДСҰ келісімі, атап айтқанда Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім (ТРИПС) шеңберінде Тараптың міндеттемелеріне сәйкес берілген мәжбүрлеу лицензияларын беру экспроприация болып табылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтемақы экспроприацияланатын инвестициялардың іс жүзіндегі немесе алдағы экспроприация туралы жария түрде белгілі болған күнгі бағамен есептелетін нарықтық құнына баламалы болуға тиіс. Экспроприациялау күнінен бастап төлем күніне дейін өтемақы деңгейіне нарықтық негізде белгіленетін коммерциялық мөлшерлеме бойынша пайыздар есептелуге жатады. Өтемақы бастапқыда инвестициялар жүзеге асырылған валютамен кідіріссіз төленуге тиіс. Инвестордың мұндай өтемақыны өз таңдауы бойынша кез келген еркін пайдаланылатын валютаға айырбастауға құқығы болуға тиіс.

5. Тарап осы Келісімнің 12-бабының ережелерін ескере отырып, өз аумағынан екінші Тарап инвесторының осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтемақыны еркін аударуына рұқсат береді.

34-бап

Суброгация

1. Егер Тарап немесе ол уәкілеттік берген орган сақтандыру шарты бойынша кепілдік негізінде немесе Тарап пен инвестор арасындағы шартта көзделген коммерциялық емес тәуекелдерден кепілдіктердің өзге де нысанында инвестицияға қатысты өзі берген коммерциялық емес тәуекелдерден келтірілген залалдың өтемін осындай Тараптың инвесторына төлеуді жүзеге асырса, екінші Тарап инвестордың мұндай инвестицияға байланысты құқығының немесе талабының суброгация арқылы бірінші Тарапқа немесе ол уәкілеттік берген органға берілгенін таниды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес берілген құқықтар немесе талаптар инвестордың бастапқы құқықтарынан немесе талаптарынан артық болмауға тиіс. Мұндай құқықтар немесе талаптар аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың заңнамасына сәйкес, бірақ осы тараудың 30 және 31-баптарының және осы Келісімнің "Құру және қызметі" деген III тарауының 19 және 20-баптарының ережелеріне нұқсан келтірілмей жүзеге асырылады.

3. Егер Тарап немесе ол уәкілеттік берген орган осындай Тараптың инвесторына төлемді жүзеге асырса және инвестордың құқықтары мен талаптарын алса, мұндай инвестор, егер оған Тараптың немесе ол уәкілеттік берген органның атынан әрекет етуге уәкілеттік берілмесе ғана, көрсетілген құқықтар мен талаптарды екінші Тарапқа қарсы пайдаланбайды.

35-бап

Төлемдерді аудару

1. Осы Келісімнің 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторларына олар бірінші Тараптың заңнамасына сәйкес барлық салықтық және өзге де міндеттемелерді орындаған жағдайда олардың инвестицияларына байланысты төлемдердің, оның ішінде:

а) кірістердің;

б) әрбір Тарап инвестиция ретінде таныған қарыздар мен кредиттерді, сондай-ақ олар бойынша есепке жазылған пайыздарды өтеу есебіне төленетін қаражаттың;

в) пайданың, дивидендтердің, капиталға салынатын салымның, капитал өсімінің және барлық инвестицияларды немесе олардың бір бөлігін ішінара немесе толық сатудан немесе инвестицияларды ішінара немесе толық жоюдан алынған қаражаттың;

г) осы Келісімнің 32, 33 және 36-баптарында көзделген өтемақының;

д) бірінші Тараптың аумағындағы инвестицияларға байланысты жұмыс істеуге рұқсат алған екінші Тараптың инвесторлары мен жеке тұлғалары алған жалақы мен басқа да сыйақылардың шетелге еркін аударылатынына кепілдік береді.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған төлемдерді аудару өз аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың валюталық заңнамасына сәйкес аударым күні қолданылатын бағам бойынша еркін пайдаланылатын валютамен негізсіз кідіріссіз жүзеге асырылады.

3. Осы Келісімнің 11-бабында көрсетілген жағдайларды немесе Халықаралық валюта қорының өтініші бойынша шектеулер қолдану жағдайларын қоспағанда, осы Келісімде ешнәрсе де Тараптың валюталық операцияларды реттеу шаралары ХВҚ Келісімінің баптарына сәйкес келген жағдайда және (немесе) Тарап осындай операцияларға қатысты осы Келісім бойынша өз міндеттемелерімен үйлеспейтін төлемдер мен аударымдарға шектеулер белгілемеген жағдайда, мұндай шараларға қатысты құқықтар мен міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген Тараптың Халықаралық валюта қорына мүше болуынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

36-бап

Тарап пен екінші Тараптың инвесторы арасындағы дауларды шешу

1. Тарап пен екінші Тараптың инвесторы арасындағы оның осы Тараптың аумағындағы инвестицияларына қатысты дау келіссөздер арқылы шешіледі. Осы мақсатта бір Тараптың инвесторы екінші Тарапқа осындай келіссөздерге жазбаша сұрау салу жібереді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге жазбаша сұрау салу:

а) дау тарапы болып табылатын инвестордың толық атауын, нақты және заңды мекенжайын және инвестор өкілінің толық атауын, оның нақты және заңды мекенжайын, сондай-ақ өкілдің (өкіл болған жағдайда) дауға байланысты инвестордың атынан және оның пайдасына әрекеттер жасау құқығын растайтын құжаттарды;

б) барлық даулы шаралар мен жағдайларды қоса алғанда, сұрау салудың заңды және нақты негізін;

в) инвестордың пікірінше, Тараптың даулы шаралары сәйкес келмейтін осы Келісімнің ережелерін;

г) дауды ықтимал реттеу бойынша инвестордың ұсыныстарын қамтиды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге сұрау салу, егер ол осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтымаса немесе ол Тараптың уәкілетті органына жіберілмесе, тиісті түрде жіберілген болып есептелмейді.

4. Тараптардың әрқайсысы осы Келісім күшіне енгеннен кейін 30 күн ішінде депозитарийге осы баптың 3-тармағында көрсетілген уәкілетті органдардың тізбесі туралы хабарлайды. Тараптардың уәкілетті органдарының тізбесі депозитарийдің ресми сайтында орналастырылады. Уәкілетті органдар өзгерген жағдайда тиісті Тарап бұл туралы осы Келісімнің депозитарийін дереу хабардар етеді.

5. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздер осы баптың 3-тармағына сәйкес келіссөздерге сұрау салу жіберілген күннен бастап алты ай ішінде басталмаса немесе өзара тиімді реттеуге алып келмесе, осы Келісімді бұзуға байланысты дау даудың тараптарымен келісілуге тиіс дауды шешу рәсімдерінің шеңберінде қаралуға жатады. Егер мұндай рәсімдер осы тармақта көрсетілген алты ай мерзімі ішінде келісілмеген болса, даудың тарапы болып табылатын инвестор дауды аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың сотының қарауына немесе мынадай төрелік органдардың (мекемелердің) біріне:

а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың аралық сотына (ол қолданылатын жағдайда);

б) егер дау тараптары Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) Төрелік регламентінің белгілі бір редакциясын қолдану туралы уағдаласпаса, көрсетілген регламентке сәйкес құрылатын, төрелік талқылау басталған күні жұмыс істейтін *ad hoc* төрелігіне;

в) дау тараптары келіскен, өзге де тұрақты жұмыс істейтін халықаралық төрелік органға (мекемеге) беруі мүмкін.

Инвестор дауды дау тарапы болып табылатын Тарап сотының, Тараптың аралық сотының, *ad hoc* төрелігінің немесе даудың тараптары келіскен өзге де төрелік органның (мекеменің) қарауына бергенде төрт рәсімнің біреуін таңдау түпкілікті болып табылады.

6. Дауды осы баптың 5-тармағының "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген төрелік органдардың біреуіне (мекемеге) беру үшін осы даудың тарапы болып табылатын инвестор осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген Тараптың уәкілетті органына дауды төрелік органның (мекеменің) қарауына беруге сұрау салу туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс.

7. Дауды осы баптың 6-тармағында көрсетілген төрелік органның (мекеменің) қарауына беру туралы сұрау салуда дау тараптарының арасында келіссөздердің жүргізілгені не жүргізілмегені көрсетіледі. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге сұрау салуда көзделмеген шаралар немесе жағдайлар төреліктің қарауына берілмейді. Дауды осы баптың 6-тармағында көрсетілген төрелік органның (мекеменің) қарауына беру туралы сұрау салуда осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздер жүргізуге жазбаша сұрау салуда жазылған талап қою талаптары толықтырылмайды және өзгертілмейді.

Төрелік органның (мекеменің), егер шара немесе ережелер осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздер жүргізуге жазбаша сұрау салуда көрсетілмесе, дауды қарауға қабылдауға және Тараптың мұндай шарасының осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келетіні туралы шешім шығаруға құқығы жоқ.

8. Осы Келісімде, оның ішінде осы Келісімнің 31-бабында ешнәрсе де осы Келісімге байланысты екінші Тараппен туындайтын дауларды шешу үшін осы бапта тікелей белгіленгендерден өзгеше тетіктерді, институттарды немесе рәсімдерді пайдалану құқығын бір Тараптың инвесторына беру ретінде түсіндірілмейді.

9. Тараптар кез келген уақытта осы Келісімнің ережелерін бірлесіп түсіндіру туралы уағдаласа алады. Даудың кез келген сатысында, оның ішінде келіссөздер немесе төрелік талқылау сатысында дау тарапы болып табылатын Тарап басқа Тараптарға осы Келісімнің екінші Тараптың инвесторымен арадағы даудың нысанасы болып табылатын ережесін түсіндіруге қатысты бірлескен консультациялар жүргізуге жазбаша сұрау салуды жібере алады. Егер дау осы баптың 5-тармағының "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген төрелік органдардың біреуіне (мекемеге) қарауға берілген болса, бірінші Тарап мұндай консультацияларға сұрау салудың көшірмесін дау тарапы болып табылатын инвесторға және төрелік органға (мекемеге) бір мезгілде жібереді.

10. Осы баптың 1-тармағына сәйкес келіссөздердің нысанасы болып табылатын дауды осы баптың 9-тармағының шеңберінде консультацияларға сұрау салу алынған күннен бастап төрелік органға (мекемеге) беруге болмайды. Осы баптың 5-тармағының "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген төрелік органдардың біреуіне (мекемеге) қарауға жіберілген дау жағдайында осы баптың 9-тармағына сәйкес консультацияларға сұрау салу алынған күннен бастап төрелік рәсімдер тоқтатыла тұрады.

11. Осы баптың 10-тармағына сәйкес тоқтатыла тұрған төрелік рәсімдер:

а) екінші Тарап дау тарапы болып табылатын Тараппен осы Келісімнің ережесін түсіндіруге қатысты консультацияларға бастамашы болмау ниеті туралы хабарламаны дау тараптарына жіберген күннен бастап;

б) Тараптардың кез келгені Келісімнің нақты ережесін түсіндіру жөніндегі бірлескен уағдаластық туралы хабарламаны басқа Тараптар мен инвесторға жіберген күннен бастап;

в) Тараптардың кез келгені Келісімнің тиісті нақты ережесін түсіндіру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізіле алмайтыны туралы хабарламаны басқа Тараптар мен инвесторға жіберген күннен бастап, бірақ Тарап осы Келісімнің ережесін түсіндіруге қатысты консультацияларға сұрау салуды басқа Тараптарға жіберген күннен кейін 60 күн өткен соң жалғасуы мүмкін.

12. Осы Келісімге сәйкес Тараптың инвесторы мен екінші Тарап арасындағы даулар жіберілетін Тараптар, Тараптардың инвесторлары және төрелік органдар (мекемелер)

үшін Тараптардың осы Келісімнің ережелерін бірлесіп түсіндіруі міндетті болып табылады.

13. ЮНСИТРАЛ Регламентіне сәйкес жүргізілетін төрелік талқылаулар үшін:

а) ad hoc төрелік органының (мекемесінің) құрамына үш төреші тағайындалады;

б) төрелік талқылаудың тілі орыс тілі болып табылады;

в) төрелік талқылауды өткізу орны дау Тарапы болып табылатын Тараптың астанасы болып табылады;

г) ЮНСИТРАЛ Төрелік регламентінің 9-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген уақыт кезеңі 90 күнді құрайды;

д) ЮНСИТРАЛ Төрелік регламентінің 20-бабының 1-тармағында көзделген, өз ішінде дау тарапы болып табылатын инвестор өзінің талап қою арызын дау тарапы болып табылатын Тарапқа және төрешілердің әрқайсысына жазбаша түрде ұсынатын уақыт кезеңін төрелік орган (мекеме) айқындайды;

е) ЮНСИТРАЛ Төрелік регламентінің 21-бабының 1-тармағында көзделген, өз ішінде дау тарапы болып табылатын Тарап талап қоюға өз қарсылықтарын дау тарапы болып табылатын инвесторға және төрешілердің әрқайсысына жазбаша түрде жіберетін уақыт кезеңін төрелік орган (мекеме) айқындайды;

ж) дау тараптарының ешқайсысының, сондай-ақ төрелік органның (мекеменің) немесе оның мүшелерінің дауға қатысты кез келген ақпаратты, оған қоса төрелік органның (мекеменің) шешімін даудың екі тарапының да жазбаша келісімінсіз ашуға құқығы жоқ. Инвестор мен мемлекет арасындағы халықаралық келісімдер негізіндегі төрелік талқылаулар тұрғысында ЮНСИТРАЛ-дың ашықтық туралы қағидалары қолданылмайды;

з) төрелік органның (мекеменің) қажетті құзыреті жоқ екендігі туралы өтініш, дау тарапы болып табылатын Тараптың төрешіні тағайындауы немесе осындай Тараптың төрешіні тағайындауға қатысуы, мұндай Тараптың инвестордың талап қоюына өз қарсылығын жіберуі ешбір жағдайда да мұндай Тараптың төрелік органның (мекеменің) құзыретін тануы ретінде қаралмауға тиіс;

и) төрелік орган (мекеме) дауды мәні бойынша қарағанға дейін төрелік органның (мекеменің) құзыретіне қатысты қарсылық бойынша шешімді алдын ала сипаттағы мәселе ретінде қабылдайды.

14. Тараптың инвесторы мен екінші Тарап арасында қол жеткізілген өзге де уағдаластықтардан туындайтын осындай инвестор мен Тарап арасындағы даулар осындай уағдаластықтарда көзделген тәртіппен шешіледі.

15. Осы Келісімде ешнәрсе де дау тараптарының оны соттан тыс тәртіппен, оның ішінде егер даудың екі тарапы да оларды пайдалану туралы уағдаласса, татуласу, делдалдық рәсімдерін және өзге де ұқсас тетіктерді пайдалану арқылы реттеуіне кедергі келтірмейді.

16. Әрбір Тарап төрелік шешімді түпкілікті және міндетті күші бар деп таниды және егер:

а) дау тарапы болып табылатын Тарап дауға қолданылатын қағидалар мен рәсімдерге сәйкес осындай төрелік шешімге шағымдану, оны өзгерту, қайта қарау немесе оның күшін жою жөнінде жүгінбесе; немесе

б) өзіне қатысты төрелік шешімді тану немесе орындау туралы шешім шығарылған Тарап өзі тарапы болып табылатын осы саладағы халықаралық келісімнің ережелеріне сәйкес осындай төрелік шешімді танудан немесе орындаудан бас тарту туралы сұрау салу жіберсе ғана, шешімнің өз заңнамасына сәйкес өз аумағында орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Төрелік (сот) талқылау шеңберінде Тарап даудың екінші тарапына қатысты даудың нысанасы бойынша қарсы талап қоюмен жүгінуге құқылы.

17. Дау тарапы болып табылатын инвестор осы баптың 1-тармағында көзделген бұзушылық туралы мәліметтерді алғаш алған немесе негізді түрде алғаш рет алуға тиіс болған күннен бастап осы баптың 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге жазбаша сұрау салу жіберілген күнге дейін үш жылдан астам уақыт өткен соң бірде-бір талап қою төрелік органға (мекемеге) берілмейді.

18. Бір Тараптың инвесторы мен екінші Тараптың арасындағы осы Келісімнің 10-бабына сәйкес Тарап қолданатын шараға қатысты дау төрелік талқылаудың нысанасы болмайды.

19. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тараптар, егер бір Тараптың инвесторы талап қояды осы баптың 5-тармағының "в" тармақшасына сәйкес төрелік органға (мекемеге) беретін болса, Тараптардың келісуі бойынша төрешілерді тағайындау үшін міндетті болуға тиіс төрешілердің тізімі туралы уағдаласа алады.

VI ТАРАУ Қорытынды ережелер

37-бап Экономикалық интеграция

Осы Келісімнің ережелері өздерінің арасында осы Келісімнің ережелерімен салыстырғанда неғұрлым терең интеграция деңгейін көздейтін немесе өздерінің жеке және (немесе) заңды тұлғаларына қатысты қосымша артықшылықтар беретін екіжақты және (немесе) көпжақты халықаралық шарттары бар Тараптар арасында қолданылмайды.

38-бап

Шектеулерді қысқарту

Көрсетілетін қызметтер саудасы, құру және қызмет бөлігінде осы Келісімде көзделген жағдайларды одан әрі жақсарту мақсатында Тараптар бес жылда бір реттен

сиретпей секторлар тізбесін кеңейтуге және осы Келісімге Тараптардың жеке тізбелерінде көрсетілген шектеулер санын біртіндеп қысқартуға бағытталған келіссөздер жүргізеді.

Мұндай алғашқы келіссөздер осы Келісім күшіне енгеннен кейін бес жылдан кейін кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

39-бап

Көрсетілетін қызметтердің жаңа секторлары және қызмет түрлері

Тараптар осы Келісім күшіне енген күні Тарап аумағында берілмейтін немесе жүзеге асырылмайтын қолданыстағы және жаңа өнімге немесе өнімді беру әдісіне байланысты көрсетілетін қызметтер мен қызмет түрлерін қоса алғанда, қызметтің жаңа секторлары мен түрлеріне қатысты кез келген шараны енгізу немесе сақтау құқығын сақтайды.

40-бап

Даулы мәселелер

Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы не 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың 19-бабында көзделген рәсімдер арқылы шешіледі.

41-бап

Өзгерістер

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамалармен ресімделеді.

42-бап

Міндеттемелерді өзгерту

1. Осы Келісім Тарапының жазбаша сұрау салуына сәйкес Тараптар осы Келісім шеңберінде жеке тізбелерге өзгерістер енгізу туралы консультациялар жүргізуге тиіс. Консультациялар жүргізу кезінде Тараптар өзара тиімді міндеттемелердің жалпы деңгейінің осындай консультациялар басталғанға дейін сауда жүргізу үшін қолайлылығы осы Келісімге А, Б, В және Г қосымшаларындағы өздерінің жеке тізбелерінде көрсетілгеннен кем болмауына ұмтылуға тиіс.

2. Осы Келісім күшіне енген күні ДСҰ-ға мүше болып табылмайтын Тараптар ДСҰ-ға қосылғаннан кейін екі жыл ішінде осы Келісімге қатысушылар үшін өздерінің

ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерінен кем емес шарттарда нарыққа қол жеткізу шарттарын қамтамасыз ету мақсатында осы Келісім шеңберінде жеке тізбелерді қайта қарауға міндеттенеді.

43-бап

Келісімнің ережелерін іске асыру мониторингі

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мониторингін жүзеге асырады және оны қорыту және кейіннен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үкіметтер басшылары кеңесінің отырысында қарау үшін жыл сайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне тиісті ақпарат береді.

44-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

45-бап

Қосылу

1. Осы Келісім күшіне енгенінен кейін кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

2. ТМД-ға қатысушы мемлекет үшін осы Келісім, осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған барлық Тараптар оның міндеттемелерінің жеке тізбесін келіскен жағдайда, депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

3. ТМД-ға қатысушы мемлекет болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім, осы Келісімнің күшіне енуіне және өздерінің осындай мемлекет міндеттемелерінің жеке тізбесін келісуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған барлық Тараптар келіскен жағдайда, депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

46-бап

Қолданылу мерзімі, шығу

1. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге өзінің шығу ниеті туралы жазбаша хабарламаны шыққанға дейін 12 айдан кешіктірмей жолдай отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2. Тарап осы Келісімнен шыққан күнге дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің ережелері тиісті Тарап үшін шыққан күнінен бастап 10 жыл бойы күшінде қалады.

2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында орыс тіліндегі бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Армения Республикасы үшін
Әзербайжан Республикасы үшін
Беларусь Республикасы үшін
Қазақстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін
Молдова Республикасы үшін*

*Өзбекстан Республикасы үшін
Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін
Түрікменстан үшін
Украина үшін*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімге Қазақстан Республикасы ЕСКЕРТПЕСІ

Қазақстан Республикасы осы Келісімнің 5-тарауын болжамды бұзудан туындайтын талап қойылған жағдайда осы Келісімнің "Тарап пен екінші Тараптың инвесторы арасындағы дауларды шешу" деген 36-бабының 5-тармағының а) тармақшасы тәртібімен дау аралық соттың орнына "Астана" халықаралық қаржы орталығының сотымен (АХҚО Соты) қарауға жатады."

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Смаилов

А қосымшасы

АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ 14, 19 және 24-баптарға қатысты барынша қолайлылық режимінен ерекшеліктер тізбесі Түсіндірме жазба

1. 14, 19 және 24-баптарға қатысты барынша қолайлылық режимінен ерекшеліктердің төменде келтірілген тізбесінде (бұдан әрі "осы Тізбе" деп аталатын) Армения Республикасы осы Тізбеде санамаланған көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлерінде сақтайтын барынша қолайлылық режимінен ерекшеліктер көрсетілген.

2. Осы Тізбеде аталмаған көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында, сондай-ақ экономикалық қызметтің өзге де түрлерінде Армения Республикасы барынша қолайлы режимді қолданады.

3. Осы Тізбе 14, 19 және 23-баптарға сәйкес барынша қолайлылық режимді бұзудың салдары болып табылмайтын біліктілік талаптары мен рәсімдеріне, техникалық стандарттар мен лицензиялық талаптар мен рәсімдерге қатысты шараларды қамтымайды. Бұл шаралар (мысалы, *inter alia*, лицензия алу, реттелетін секторлардағы біліктілікті тану, тілге қатысты емтихандарды қоса алғанда, арнайы емтихандарды тапсыру және экономикалық қызмет жүзеге асырылатын аумақтан заңды мекенжай мен тұрғылықты жер алу қажеттігі), егер олар осы Тізбеде санамаланбаса да, кез келген жағдайда қолданылады.

Кіші сектор	Шараның II бапқа сәйкестігін көрсететін сипаттамасы	Шара қолданылатын елдер	Болжалды ұзақтығы
Көрсетілетін автомобиль көлігі қызметтері (жүктерді тасымалдау) (CPC 7123)	Жол көлігі жөніндегі екіжақты халықаралық келісімдерге сәйкес басқа уағдаласушы тараптарда тіркелген тасымалдаушылар жүзеге асыратын Армения аумағына және оның ішінде жүктерді тасымалдау жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды пайдаланғаны және күтіп ұстағаны үшін және кіруге рұқсаттар бергені үшін салықтар мен алымдардан босатылады.	Грузия, Иран, Ливан, Түрікменстан, Кипр, Ресей, Латвия, Сирия, Болгария, Румыния, Украина, Беларусь, Қырғызстан	Айқындалмаған
Көрсетілетін автомобиль көлігі қызметтері (жолаушылар тасымалы) (CPC 7121+7122)	Жол көлігі жөніндегі екіжақты халықаралық келісімдерге сәйкес басқа уағдаласушы тараптарда тіркелген тасымалдаушылар жүзеге асыратын Армения аумағында және оның ішіндегі жолаушылар тасымалы жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды пайдаланғаны және күтіп ұстағаны үшін және кіруге рұқсаттар бергені үшін салықтар мен алымдардан босатылады.	Грузия, Иран, Ливан, Ресей, Латвия, Сирия, Болгария, Румыния, Украина, Беларусь, Қырғызстан	Айқындалмаған

Б қосымшасы

АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ "Трансшекаралық көрсетілетін қызметтер саудасы" деген II тарауға сәйкес міндеттемелер тізбесі Түсіндірме жазба

1. "Трансшекаралық көрсетілетін қызметтер саудасы" деген II тарауға сәйкес төменде келтірілген міндеттемелер тізбесінде (бұдан әрі "осы Тізбе" деп аталады) Армения Республикасы 15 (Ұлттық режим шектеулері) және 16-баптарға (Нарыққа қол жеткізу шектеулері) ырықтандыру бойынша міндеттемелер, сондай-ақ осы көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында қолданылатын тиісті шектеулер қабылдайтын көрсетілетін қызметтер секторлары немесе кіші секторлары көрсетілген.

2. Армения Республикасы осы Тізбеде аталмаған көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына қатысты міндеттемелер қабылдамайды.

3. Осы Тізбе 15-бап (Ұлттық режимнің шектеулері) пен 16-бапқа (Нарыққа қол жеткізу шектеулері) сәйкес нарыққа қол жеткізуді шектеу болып табылмайтын біліктілік талаптары мен рәсімдерге, техникалық стандарттарға және лицензиялық талаптар мен рәсімдерге немесе ұлттық режимге қатысты шараларды қамтымайды. Бұл шаралар (мысалы, *inter alia*, лицензия алу, реттелетін секторлардағы біліктілікті тану, тілге қатысты емтихандарды қоса алғанда, арнайы емтихандарды тапсыру және экономикалық қызмет жүзеге асырылатын аумақтан заңды мекенжай мен тұрғылықты жер алу қажеттігі), егер олар тіпті төменде санамаланбаса да, кез-келген жағдайда осы Тізбеде көрсетілген көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына қолданылады.

4. Осы Тізбеде ешнәрсе де 13-баптың (Қолданылу аясы) 2-тармағында көрсетілген шараларды Армения Республикасының қолдану құқығына кедергі келтірмейді.

5. Осы Тізбеде:

Көрсетілетін қызметтер саудасының тәсілдері: (1) бір Тараптың аумағынан кез келген екінші Тараптың аумағына			
(2) бір Тараптың аумағында кез келген басқа Тараптың көрсетілетін қызметтерді тұтынушысына			
Сектор немесе кіші сектор	Нарыққа қол жеткізудегі шектеулер (16-бап)	Ұлттық режим шектеулері (15-бап)	Қосымша міндеттемелер (17-бап)
1	2	3	4
I. Дөңгейлес міндеттемелер			
Барлық секторлар			
		Қартатанумен, геодезиямен, есеп жазбасымен және жерге орналастырумен Армения Республикасының мемлекеттік уәкілетті органнан біліктілік сертификатын алған азаматтары ғана айналыса алады.	
II. Секторлық міндеттемелер			
1. Іскерлік көрсетілетін қызметтер			

А. Кәсіптік көрсетілетін қызметтер			
Заңдық көрсетілетін қызметтер (CPC 861)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Аудит және бухгалтерлік есеп (CPC 862)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Салық салуға жататын көрсетілетін қызметтер (CPC 863)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Сәулет саласындағы көрсетілетін қызметтер (CPC 8671)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Инженерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 8672)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Кешенді инженерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 8673)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Қала құрылысын және ландшафттық жобалау (CPC 8674)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Мүлікті бағалауға байланысты көрсетілетін қызметтер (CPC 72240, 85990)	А р м е н и я Республикасының аумағында бағалау жөніндегі қызмет түрімен А р м е н и я Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін жеке кәсіпкерлер ретінде А р м е н и я Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біліктілік куәлігін алған жеке тұлғалар және тиісті біліктілігі кемінде бір қызметкер болған кезде заңды тұлғалар айналыса алады.	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Медицина және стоматология саласындағы көрсетілетін қызметтер (CPC 9312)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Ветеринариялық көрсетілетін қызметтер (CPC 932)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
В. Компьютерлік және онымен байланысты көрсетілетін қызметтер			
Компьютерлік және онымен байланысты	(1) Шектеулер жоқ.	(1) Шектеулер жоқ.	

көрсетілетін қызметтер (CPC 84)	(2) Шектеулер жоқ	(2) Шектеулер жоқ	
С. Зерттеулер және әзірлемелер			
Зерттеулер және әзірлемелер (CPC 851-853)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Д. Жылжымайтын мүлікке байланысты көрсетілетін қызметтер			
Меншікті немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікке байланысты көрсетілетін қызметтер (CPC 821)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Келісімшарт негізінде көрсетілетін қызметтер (CPC 822)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Е. Операторсыз жалдау/лизинг бойынша көрсетілетін қызметтер			
Әуе кемелеріне қатысты (CPC 83104)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Басқа да көлік құралдарына қатысты (CPC 83101, CPC 83102)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ	
Басқа машиналар мен жабдықтарға қатысты (CPC 83106-83109)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Ғ. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты өзге де көрсетілетін қызметтер			
Нарықты зерттеу және қоғамдық пікірді зерделеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 864)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Жарнама саласындағы көрсетілетін қызметтер (CPC 871)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Басқару саласындағы консультациялық көрсетілетін қызметтер (CPC 865)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Басқару саласындағы консультациялық қызметке байланысты көрсетілетін қызметтер (CPC 866)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ (2) Шектеулер жоқ	
Техникалық сынақтар мен талдау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8676)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Өндіріс саласындағы консультациялық қызметке байланысты	(1) Шектеулер жоқ.		

көрсетілетін қызметтер (CPC 884-885)	(2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу (теңіз кемелерін, әуе немесе басқа да көлік жабдықтарын қоспағанда) (CPC 633+8861-8866)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Көрсетілетін баспа және жариялау қызметтері. Ауызша және жазбаша аударма бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 88442)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Конференц-көрсетілетін қызметтер (CPC 88709)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Ауызша және жазбаша аударма бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 87905)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
2. БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
В. Курьерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 7512)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Міндеттемелер қабылданбайды	
С. Телекоммуникациялар көрсететін қызметтер			
Көрсетілетін телефонмен сөйлесу байланысы қызметтері (CPC 7521)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Пакеттер коммутациясы және арналар коммутациясы бар желілерде деректерді беру бойынша көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ көрсетілетін факсимильді байланыс қызметтері (CPC 7523, 7521)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Қайта сату негізінде пакеттер мен арналар коммутациясы бар желілерде деректерді беру бойынша көрсетілетін қызметтер, қайта сату негізінде көрсетілетін факсимильді байланыс қызметтері (CPC 7523, 7521)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
	(1) Шектеулер жоқ.		

Қайта сату негізінде көрсетілетін телекс және телеграф қызметтері (CPC 7522, CPC 7523)	(2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Жалдамалы жекеменшік арналар көрсететін қызметтер (CPC 7522, CPC 7523)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Көрсетілетін аналогтық/цифрлық ұялы байланыс қызметтерін, көрсетілетін дербес байланыс қызметтерін, мамандандырылған мобильді радионы, Жаһандық ұялы байланыс жүйесін, көрсетілетін мобильді спутниктік қызметтерді, көрсетілетін пейджинг қызметтерін және қайта сату негізінде деректердің көрсетілетін мобильді қызметтерін қоса алғанда, көрсетілетін қоғамдық мобильді қызметтер (CPC 75213+CPC 75291)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Электрондық поштаны, дауыстық поштаны, онлайн ақпарат пен дерекқорды қайта тыңдауды, электрондық деректермен алмасуды; сақтау мен жіберуді, сақтау мен қайта тыңдауды қоса алғанда, жақсартылған /қосылған құн негізіндегі көрсетілетін факсимильді қызметтерді; кодтар мен хаттамаларды түрлендіруді, онлайн ақпаратты және/немесе деректерді өңдеуді (транзакцияларды өңдеуді қоса) қоса алғанда, сымдық байланыс немесе радио байланысы негізінде көрсетілетін қосылған құны бар халықаралық телекоммуникациялық	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ		

қызметтер (СРС 7523+ СРС 843)		(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Электрондық поштаны, дауыстық поштаны, онлайн ақпарат пен дерекқорды қайта тыңдауды, электрондық деректермен алмасуды; сақтау мен жіберуді, сақтау мен қайта тыңдауды қоса алғанда, жақсартылған /қосылған құн негізіндегі көрсетілетін факсимильді қызметтерді; кодтар мен хаттамаларды түрлендіруді, онлайн ақпаратты және/немесе деректерді өңдеуді (транзакцияларды өңдеуді қоса) қоса алғанда, сымдық байланыс немесе радиобайланыс негізінде және қайта сату негізінде көрсетілетін қосылған құны бар халықаралық телекоммуникациялық қызметтер, сондай-ақ сымдық байланыс немесе радиобайланыс негізінде және қайта сату негізінде көрсетілетін қосылған құны бар ішкі телекоммуникациялық қызметтер (СРС 7523+ СРС 843)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ.	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Телекоммуникацияға байланысты көрсетілетін қызметтер (СРС 754)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
D. Көрсетілетін дыбыстау-бейнелеу қызметтері			
Көрсетілетін дыбыс жазу қызметтері және дыбыс материалдарын жасау бойынша көрсетілетін қызметтер (СРС 9611)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Кинофильмдер, бейнефильмдер және телевизиялық және радиобағдарламалар	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ		

шығару бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9612)		(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Дыбыстау-бейнелеу өнімдерін өндіру бойынша көрсетілетін қосалқы қызметтер (трансляцияны қоспағанда) (CPC 9613)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
3. ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ИНЖЕНЕРЛІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
Ғимараттар салу бойынша жалпы құрылыс жұмыстары (CPC 512)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Азаматтық құрылыс объектілерін салу бойынша жалпы құрылыс жұмыстары (CPC 513)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Д а й ы н конструкциялардан ғимараттарды құрастыру және салу, жабдықтарды монтаждау (CPC 514+516)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Аяқталу циклінің құрылыс және әрлеу жұмыстары (CPC 517)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
4 ДИСТРИБЬЮТОРЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
Комиссиялық агенттер көрсететін қызметтер (CPC 621)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Көтерме сауда бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 622)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Бөлшек сауда бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 631, 632, 611, 6121)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Франчайзингтік көрсетілетін қызметтер (CPC 8929)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
5. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
Жоғары білім беру саласындағы көрсетілетін қызметтер (CPC 923)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Ересектерге арналған білім беру саласындағы көрсетілетін қызметтер (CPC 924)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			

Кәріз бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9401)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Қалдықтарды жою (CPC 9402)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Санитариялық өңдеу және соған ұқсас көрсетілетін қызметтер (CPC 9403)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Пайдаланылған газдарды тазарту бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9404)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Шуға қарсы көрсетілетін қызметтер (CPC 9405)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Табиғатты және ландшафттарды қорғау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9406)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	

7. ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер (812)			
Өмірді сақтандыру (8121)	(1) Армения Республикасының аумағында көрсетілетін сақтандыру қызметтерін Армения Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелетін және есепте тұратын сақтандыру агенттерін қоспағанда, Армения Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған сақтандыру ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік сақтандыру ұйымы филиалды Армения	(1) Міндеттемелер қабылданбайды (2) Шектеулер жоқ	

	Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ		
Өмірді сақтандырудан басқа, сақтандыру (8129*))	(1) Армения Республикасының аумағында көрсетілетін сақтандыру қызметтерін Армения Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелетін және есепте тұратын сақтандыру агенттерін қоспағанда, Армения Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған сақтандыру ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік сақтандыру ұйымы филиалды Армения Республикасы Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (1) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Теңіз және авиациялық көлікті сақтандыру (81293*) Мыналарға: халықаралық теңіз тасымалына халықаралық коммерциялық әуе тасымалына халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруларға байланысты			

тәуекелдерді сақтандыру толық немесе ішінара түрде: жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды; туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық (импорттық) жүктерді халықаралық тасымалдауды және оларды тасымалдайтын көлік құралдарын, тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды; "Жасыл карта" шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесіне қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарының трансшекаралық қозғалысы кезіндегі жауапкершілікті жабатын халықаралық сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2).Шектеулер жоқ	
Қайта сақтандыру және ретроцессия (81299)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Сақтандыру делдалдығы, оның ішінде брокерлік көрсетілетін қызметтер мен агенттердің көрсетілетін қызметтері (81401)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Армения Республикасының аумағында шетелдік сақтандырушылардың атынан сақтандыру келісімшарттарын жасасуға және бөлуге байланысты сақтандыру делдалдығына жол берілмейді. (2) Шектеулер жоқ	
Консультация беру, актуарийлер, шығындарды бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, көрсетілетін сақтандыру қосалқы қызметтері (8140*)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және		

Банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтер (сақтандыруды қоспағанда): 1. Халықтан депозиттерді және басқа да қайтарылатын қаражатты қабылдау 2. Кредиттің барлық түрін беру, оның ішінде факторинг, тұтынушылық және кепілдік кредиттер, коммерциялық операцияларды қаржыландыру 3. Қаржылық лизинг 4. Төлемдер аудару мен ақша аударудың барлық түрі 5. Кепілдіктер мен міндеттемелер (CPC 81115-81119, 8113, 8112, 81199**, 81339**)	басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) А р м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды А р м е н и я Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Өз есебінен немесе клиенттер есебінен жасалатын сауда, биржада, биржадан тыс нарықта немесе өзге де жолмен мыналармен айырбас жасалуы ықтимал: нарықтың ақша құралдары (чектер, вексельдер, депозиттердің анықтамалары және т. б.), валюта айырбастау туынды өнімдер, оның ішінде өзгелерден басқа фьючерстер мен опциондар своптар, форвардтық мөлшерлемелер туралы келісімдер және т. б. сияқты өнімдерді қоса алғанда, айырбас бағамы мен пайыздық мөлшерлеме құралдары аударылатын бағалы	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) А р м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды А р м е н и я Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	

қағаздар басқа айналым құралдары мен қаржылық активтер, оның ішінде құймалар (CPC 81321*, 81333, 81339,**)	тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ		
Бағалы қағаздардың барлық түрін шығаруға қатысу, оның ішінде андеррайтинг және агент ретінде орналастыру және осындай шығарылымдарға байланысты қызметтер көрсету (8132)	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) Армения Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары (сақтандыру ұйымдарынан басқа) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды Армения Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) Армения Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы		

Клиент есебінен жасалатын ақша нарығындағы операциялар (брокерлік көрсетілетін қызметтер) (81339)	ұйымдары (сақтандыру ұйымдарынан басқа) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады . Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды А р м е н и я Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Клиенттің активтерін, зейнетақы қаражатын, ұ ж ы м д ы қ инвестицияларды басқару, депозитарлық және трастілік көрсетілетін қызметтер, жауаптылықпен сақтау (8119, 8132)	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) А р м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары (сақтандыру ұйымдарынан басқа) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады . Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды А р м е н и я Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
	(1) Армения Республикасының		

Бағалы қағаздарды, туынды өнімдерді және басқа да айналым каражаттарын қоса алғанда, қаржы активтері бойынша өзара есеп айырысулар және клирингтік көрсетілетін қызметтер (81319**)	аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) А р м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары (сақтандыру ұйымдарынан басқа) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады . Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан басқа) филиалды А р м е н и я Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Консультациялық және басқа да көрсетілетін қосалқы қаржылық қызметтер (кредит беруді талдау, инвестициялар саласында консультация беру және т.б.) (8131, 8133)	(1) Армения Республикасының аумағында банктік және басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтерді (сақтандырудан басқа) А р м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген және Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары (сақтандыру ұйымдарынан басқа) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады . Шетелдік банк және басқа да қаржы ұйымы (сақтандыру ұйымынан	(1) Шектеулер жоқ.	

	басқа) филиалды Армения Республикасының Орталық банкінің лицензиялауы және тіркеуі арқылы Армения Республикасының аумағында филиал құра алады. (2) Шектеулер жоқ	(2) Шектеулер жоқ	
Қаржылық ақпаратты өңдеу және беру, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (8131)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
8. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Адам денсаулығын сақтау жөніндегі өзге де көрсетілетін қызметтер (ақылы негізде тікелей иелену және басқару) (CPC 9319)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
9. ТУРИЗМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
Қонақүйлер мен мейрамханалар көрсететін қызметтер (CPC 641-643)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Туроператорлар мен туристік агенттіктердің көрсетілетін қызметтер (CPC 7471)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Экскурсиялық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7472)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
10. ДЕМАЛЫСТЫ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР			
Ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер (көрсетілетін дыбыстау-бейнелеу қызметтерінен басқа) (CPC 9619)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Демалысты және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша	(1) Шектеулер жоқ.		

көрсетілетін қызметтер (CPC 964)	(2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
11. КӨРСЕТІЛЕТІН КӨЛПҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ			
С. Көрсетілетін әуе көлігі қызметтері			
Әуе кемелеріне қызмет көрсету және жөндеу (CPC 8868)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Көрсетілетін әуе көлігі қызметтерін, оның ішінде компьютерлік брондау жүйелері бойынша көрсетілетін қызметтерді сату және маркетингі (CPC 478+749)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Е. Көрсетілетін теміржол көлігі қызметтері			
Теміржол жабдығына қызмет көрсету және жөндеу (CPC 8868)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Ғ. Көрсетілетін автожол көлігі қызметтері			
Жолаушылар тасымалы (CPC 7121+ 7122); Жүк тасымалы (CPC 7123)	(1) Шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	(1) Қоғамдық жолдардың жұмыс істеуі мен сақталуы және кіру визаларын беру үшін салық салу мен баждарға қойылатын әртүрлі тәсілдерді қоспағанда, шектеулер жоқ. (2) Шектеулер жоқ	
Автожол көлігіне арналған жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу (CPC 6112)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Н. Көліктің барлық түріне көрсетілетін қосалқы қызметтер			
Жүктерді өндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 741)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Қойма және пакугаузар бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 742)	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	(1) Міндеттемелер қабылданбайды. (2) Шектеулер жоқ	
Жүк көлік агенттіктері мен инспекцияларының	(1) Шектеулер жоқ.	(1) Кедендік бақылауды Армения Республикасында құрылған лицензияланған	

көрсетілетін қызметтер (CPC 748+749)	(2) Шектеулер жоқ	кеден агенттігі ғана жүзеге асыра алады. (2) Шектеулер жоқ	
--------------------------------------	-------------------	---	--

В қосымшасы

АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ "Құрылуы және қызметі" деген III тарауға қатысты ерекшеліктер тізбесі Түсіндірме жазба

1. "Құрылуы және қызметі" деген III тарауға қатысты ерекшеліктер тізбесінде (бұдан әрі "осы Тізбе" деп аталады) Армения Республикасы осы Тізбеде санамаланған көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлерінде сақтайтын 20-бап (Ұлттық режимнің шектеулері) пен 21-бапта (Нарыққа қол жеткізуді шектеулер) ерекшеліктер көрсетілген.

6. Экономикалық қызметтің барлық түрлеріне қатысты (көрсетілетін қызметтер секторын немесе кіші секторын қоса алғанда) Беларусь Республикасы, егер бұл осы Тізбеде көрсетілмесе де, тауарлардың сыртқы саудасын реттеуді қозғайтын шараларға, тауарлардың импортына және (немесе) экспортына қатысты кедендік шараларға, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін күзетуді және оларға құқықтардың қорғалуын қозғайтын шараларға қатысты ешқандай міндеттеме алмайды.

7. Осы Тізбеде көрсетілетін қызметтер секторларына/кіші секторларына қатысты жақшада көрсетілген CPC кодтары БҰҰ-ның Негізгі өнімнің алдын ала сыныптауышына сілтемелер болып табылады (Statistical Papers Series M No. 77, Provisional Central Product Classification, Department of International Economics and Social Affairs, Statistical Office of the United Nations, New York, 1991).

екі жұлдызша (**) аталған көрсетілетін қызметтің CPC кодына сәйкес көрсетілген толық қамтылған қызметтің бір бөлігін ғана құрайтынын білдіреді.

Сектор немесе кіші сектор	Нарыққа қол жеткізудегі шектеулер (21-бап)	Ұлттық режим шектеулері (20-бап)
I. Беларусь Республикасының экономикалық қызметтің барлық секторы мен түрлеріне қатысты деңгейлес ерекшеліктері		
Құрылуы және қызметі	Экономикалық қызметтің барлық түрлерінде құру мен қызметке Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанында ғана жол беріледі. Көрсетілетін қызметтер саласында құру мен қызметке Беларусь Республикасында екінші Тараптың заңды тұлғасы ашқан өкілдік нысанында да жол беріледі. Алайда, басқа Тараптардың заңды тұлғаларының өкілдіктері Беларусь Республикасында коммерциялық негізде қызметтер көрсете алмайды. Шетелдік ұйымның өкілдігі оны ашуға рұқсат алынған кезден бастап Беларусь Республикасының аумағында құрылған болып есептеледі. Экономикалық қызметтің барлық түрлерінде филиалдар мен жеке кәсіпкерлер нысанында құру мен қызметке қатысты міндеттемелер қабылданбайды	
Лицензиялау	Жүзеге асыруға лицензия талап етілетін қызмет түрлері, сондай-ақ лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысанын айқындау тәртібі Беларусь Республикасының заңнамасында белгіленеді	
Шетелдік ұйымдардың өкілдіктері қызметкерлерінің саны	Екінші Тараптың заңды тұлғасы өкілдігінің (басшыны қоса алғанда) шетелдік азамат қызметкерлерінің саны 5 адамнан аспауға тиіс	
Жекешелендіру	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет меншігіндегі объектілерді жекешелендіруге қатысуға қатысты міндеттемелер қабылданбайды	
		Жерді меншікке алу құқығы тек Беларусь

Жер бойынша жүргізілетін операциялар		Республикасының азаматтарына және Беларусь Республикасының заңды тұлғаларына беріледі. Шетелдік жеке және заңды тұлғалар жер учаскелерін 99 жыл дейінгі мерзімге жалға ала алады. Жер учаскелері, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі жылжымайтын мүлікті сату кезінде шетелдік заңды тұлғаларға тек жалға алу құқығымен беріледі. Беларусь Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда жер учаскелері шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың жеке меншігінде болуы мүмкін. Жеке меншікке, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың меншігіне беруге жатпайтын жер учаскелері ұлттық заңнамада айқындалады
Жеке тұлғалардың келуі және уақытша болуы	Г қосымшасында жазылғандарды қоспағанда, міндеттемелер қабылданбайды	Г қосымшасында жазылғандарды қоспағанда, міндеттемелер қабылданбайды
Жануарлар дүниесін пайдалануға беру		Жануарлар дүниесін нақты аумақта немесе акваторияда пайдалануға беруде Беларусь Республикасының

		занды тұлғалары мен азаматтарына басымдық беріледі
Концессиялық шарт негізінде концессия объектісінің қызметі немесе оны иелену және пайдалану құқығы, оның ішінде оның талаптарын айқындау, концессионерді іріктеу рәсімі және концессиялық келісімнің елеулі шарттарының тізбесі	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Жүзеге асыруға мемлекеттің айрықша құқығы қолданылатын қызмет түрлері	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Тек мемлекеттің меншігіндегі объектілер	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Жерге орналастыру	Жерге орналастыруды (жерді түгендеу, жерді пайдалануды жоспарлау, жерге орналастыру объектілерінің шекараларын белгілеу (қалпына келтіру) және бекіту, жерді пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған басқа да жерге орналастыру іс-шараларын жүргізу жөніндегі іс-шаралар) мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынатын (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	
Жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді техникалық түгендеу және мемлекеттік тіркеу	Жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді техникалық түгендеуді және мемлекеттік тіркеуді мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынатын (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	
Мемлекеттік мүлікпен мәмілелер және (немесе) өзге де заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасау үшін оны бағалау	Мемлекеттік мүлікпен мәмілелер және (немесе) өзге де заңдық маңызы бар әрекеттер жасау үшін оны бағалауды мемлекеттік ұйымдар, жарғылық қорындағы мемлекеттік меншіктің үлесі 50%-дан асатын, бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынатын (жүйеге кіретін) ұйымдар жүзеге асырады	
Геодезиялық және картографиялық жұмыстар	Нәтижелері жалпымемлекеттік, салааралық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынатын (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	

Ақпаратты өңдеу	Беларусь Республикасы ақпараттың қорғалуын қоса алғанда, оны өңдеуге әсер ететін кез келген шараларды қабылдау және қолдану құқығын сақтайды	
II. БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ		
1. ІСКЕРЛІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
A. Кәсіптік көрсетілетін қызметтер		
Нотариаттық және адвокаттық көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, заңдық көрсетілетін қызметтер (CPC 861*)	Мыналардан басқа шектеулер жоқ: коммерциялық ұйым болып табылатын Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанындағы құру мен қызметке жол беріледі; Заң қызметтерін көрсететін адамды аттестаттау туралы куәлігі бар қызметкерлер Беларусь Республикасының азаматтары болуға тиіс	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері" бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Салық салу саласында көрсетілетін қызметтер (CPC 863)	Мынадан басқа шектеулер жоқ: коммерциялық ұйым болып табылатын Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанындағы құру мен қызметке жол беріледі	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері" бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Бухгалтерлік есеп саласында көрсетілетін қызметтер (86211-ден басқа, CPC 862); Көрсетілетін сәулет қызметтері (CPC 8671); Инженерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 8672) Кешенді инженерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 8673); Қалалық жоспарлау және ландшафттық жобалау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8674); Стоматология саласында көрсетілетін қызметтер (CPC 93123); Ветеринариялық көрсетілетін қызметтер (CPC 932);		Шектеулер жоқ

Кіші медициналық персонал қызметтері, сондай-ақ физиотерапия, гомеопатия, инемен емдеу саласында көрсетілетін қызметтер (CPC 93191)	Шектеулер жоқ	
Б. Есептеу техникасы бойынша көрсетілетін қызметтер және соған байланысты қызмет көрсету		
Есептеу техникасын орнатуға байланысты консультативтік көрсетілетін қызметтер (CPC 841) Бағдарламалық қамтылымды іске асыру бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 842) Деректерді өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 843) Дерекқор жасау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 844) Өзгелер (CPC 845+849)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
В. Зерттеулер және әзірлемелер саласында көрсетілетін қызметтер		
Жаратылыстану ғылымдары және техника саласындағы зерттеулер мен тәжірибелік әзірлемелер бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 851); Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар салаларындағы зерттеулер мен тәжірибелік әзірлемелер бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 852) Пәнаралық салалардағы зерттеулер мен тәжірибелік әзірлемелер бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 853)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
Г. Жылжымайтын мүлік саласында көрсетілетін қызметтер		
а) меншікті немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікті қоса алғанда (CPC 821) б) сыйақы үшін немесе шарттық негізде ұсынылатын қызметтер (CPC 822)	а) Мынадан басқа шектеулер жоқ: мемлекеттік мүлікке қ а т ы с т ы міндеттемелер қабылданбайды; б) Мынадан басқа шектеулер жоқ: коммерциялық ұйым болып табылатын Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанындағы құру мен қызметке жол беріледі.	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері" бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Д. Лизингтік көрсетілетін қызметтер/операторсыз жалдау бойынша көрсетілетін қызметтер		
Теңіз кемелерін (CPC 83103); Көлік жабдығының басқа да түрлерін, басқа да машиналар мен жабдықтарды (CPC 83101+83102+83105, 83106-83109)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ

Е. Өзге де коммерциялық көрсетілетін қызметтер

Жарнамалық көрсетілетін қызметтер: жарнаманы жоспарлау, жасау және орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8712);

Нарықты зерттеу және қоғамдық пікірді анықтау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 864);

Басқару мәселелері бойынша консультативтік көрсетілетін қызметтер (CPC 865);

Басқару мәселелері бойынша консультацияларға байланысты көрсетілетін қызметтер (CPC 866);

Міндетті сертификаттар мен өзге де ресми құжаттарды беруге байланысты көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, техникалық сынақтар мен талдаулар бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8676);

Кадрларды орналастыру және кадрларға сұранысты қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 872);

Инженерлік саламен сабақтас ғылыми және техникалық салалардағы консультациялық көрсетілетін қызметтер (CPC 8675);

Жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу (теңіз кемелерін, әуе кемелерін және басқа да көлік жабдықтарын қоспағанда) (CPC 633, 8861-8866);

Ғимараттарды тазарту бойынша көрсетілетін қызметтер (87401-ден басқа CPC 874);

Фотосурет саласында көрсетілетін қызметтер (CPC 875);

Буын-түю бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 876);

Келіссөздер (демонстрациялар, көрмелер) ұйымдастыру және жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтер

Шектеулер жоқ

Шектеулер жоқ

2. КӨРСЕТІЛЕТІН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ

--	--	--

Пошта байланысы бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7511)	Мынадан басқа шектеулер жоқ. Ұлттық пошта байланысы операторының халықаралық пошта жөнелтілімдерін қабылдауға, өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға және жеткізуге (табыс етуге) айрықша құқығы бар¹	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері"
--	---	---

		бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Курьерлік көрсетілетін қызметтер (CPC 7512) Тек мыналарға қатысты: жолданған бандерольдер мен сәлемдемелерді өңдеу (кітаптар мен каталогтарды қоса алғанда); жолданған баспа өнімдерін өңдеу (журналдар, газеттер, мерзімді басылымдар); және жолданған хаттарды, жолданған бандерольдерді, сәлемдемелер мен жолданған баспа өнімдерін жедел жеткізу	Мынадан басқа шектеулер жоқ. Ұлттық пошта байланысы операторының халықаралық пошта жөнелтілімдерін қабылдауға, өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға және жеткізуге (табыс етуге) айрықша құқығы бар²	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері" бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Электр байланысы бойынша көрсетілетін қызметтер: Жалпыға ортақ пайдаланылатын телефонмен сөйлесу байланысы бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7521); Пакеттер коммутациясы бар желілерде деректерді беру бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7523**); Арналар коммутациясы бар желілерде деректерді беру бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7523**);	Мыналардан басқа шектеулер жоқ. Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанындағы құру мен қызметке жол беріледі. Халықаралық және желіаралық трафикті өткізу және шет мемлекеттердің электр байланысы бойынша желілеріне қосылуы	

Көрсетілетін телекс байланысы қызметтері (CPC 7523**); Көрсетілетін телеграф қызметтері (CPC 7522); Көрсетілетін факсимильді байланыс қызметтері (CPC 7521** + 7529**); Жеке жалға алынған бөлінген желілер бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7522**+7523**); Көрсетілетін электрондық пошта қызметтері (CPC 7523**); Көрсетілетін дауыстық пошта қызметтері (CPC 7523**); Онлайн ақпарат және дерекқордан алу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7523**); Электрондық деректер алмасу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7523**); Деректерді сақтау мен жөнелтуді, сондай-ақ сақтауды және алуды қоса алғанда, факсимильді байланыс саласында жетілдірілген /қосылған құны бар көрсетілетін қызметтерді ұсыну (CPC 7523**); Кодтар мен хаттамаларды түрлендіру; Онлайн ақпаратты және/немесе деректерді өңдеу (транзакцияларды өңдеуді қоса алғанда) (CPC 843**); Өзге де телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер (CPC 7529)	уәкілетті электр байланысы операторлардың желілері арқылы жүзеге асырылады. Халықаралық трафикті өткізуге және шет мемлекеттерді электр байланысы желілеріне қосуға құқығы бар операторлардың тізбесі және желіаралық трафикті өткізуге уәкілеттік берілген операторлар Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Халықаралық трафикті өткізу жөніндегі уәкілетті операторлардың жарғылық қорындағы шетелдік қатысудың жалпы үлесі акциялардың (жарғылық қордың үлестерінің) 49%-нан аспауға тиіс	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері"
--	---	---

		бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
3. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАР		
Ғимараттарды тұрғызу арналған жалпы құрылыс жұмыстары (CPC 512) Азаматтық құрылыс объектілерін салуға арналған жалпы құрылыс жұмыстары (CPC 513) Ғимараттарды дайын конструкциялардан құрастыру және тұрғызу, жабдықтарды монтаждау (CPC 514+516) Аяқтау циклінің құрылыс және әрлеу жұмыстары (CPC 517) Өзгелер (CPC 511+515+518)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
4. КӨРСЕТІЛЕТІН САУДА ҚЫЗМЕТТЕРІ		
Көрсетілетін сауда қызметтерінің барлық кіші секторларының төменде көрсетілген шаралары алкогольдік , құрамында спирті бар тағамдық емес өнімдер, тағамдық емес этил спирті, темекі шикізаты мен темекі бұйымдары, қару мен оқ-дәрілер саудасына жатпайды		
Комиссиялық агенттердің көрсетілетін қызметтер (CPC 621); Көтерме сауда бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 622); Бөлшек сауда бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 631+632, 6111+6113+6121); Франчайзинг (CPC 8929)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
5. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
Жоғары білім беру саласында көрсетілетін жеке қызметтер (CPC 923**) ; Ересектерге арналған қосымша білім беру саласында көрсетілетін жеке қызметтер (CPC 924**)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
Кәріз бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9401); Қалдықтарды жою бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 9402); Санитариялық өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер және өзге де көрсетілетін қызметтер (CPC 9403); Өзгелер (CPC 9404+9405+9406+9409)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
7. ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
А. Барлық сақтандыру және сақтандыруға қатысты көрсетілетін қызметтер		
Көрсетілетін сақтандыру қызметтерінің барлық кіші секторына қатысты қолданылатын шаралар: сақтандыру компанияларына өмірді сақтандырудан басқа өмірді сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді бір мезгілде көрсетуге тыйым салынады ;		

Беларусь Республикасының аумағындағы барлық сақтандыру компаниялары мен қайта сақтандыру компанияларының жарғылық қорларындағы шетелдік капиталдың жиынтық квотасы 30 %-дан аспауға тиіс;

көрсетілетін міндетті сақтандыру қызметтеріне қатысты міндеттемелер қабылданбайды;

сақтандыру ұйымы басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің функцияларын тек Беларусь Республикасының азаматтары, сондай-ақ Беларусь Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар және тек еңбек шарттары негізінде ғана атқара алады

(a) Өмірді сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Міндеттемелер қабылданбайтын заңды тұлғаларға қатысты өмірді сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, шектеулер жоқ
(b) Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
(ii) Қайта сақтандыру және ретроцессия бойынша көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
(iii) Брокерлік көрсетілетін қызметтер және агенттіктердің көрсетілетін қызметтері	Мынадан басқа шектеулер жоқ: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыруын қоспағанда, Беларусь Республикасының аумағында Беларусь Республикасынан тыс жерде құрылған сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты делдалдық қызметке тыйым салынады	Мынадан басқа шектеулер жоқ: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыруын қоспағанда, Беларусь Республикасының аумағында Беларусь Республикасынан тыс жерде құрылған сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты делдалдық қызметке тыйым салынады
(iv) Консультациялық, актуарлық көрсетілетін қызметтер, тәуекелді бағалау және наразылықтарды реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер сияқты көрсетілетін қосалқы сақтандыру қызметтері	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ

В. Банктік көрсетілетін қызметтері және өзге де қаржылық көрсетілетін қызметтер (сақтандыруды қоспағанда)

Банктік көрсетілетін қызметтердің және өзге де қаржылық көрсетілетін қызметтердің барлық кіші секторларына қатысты қолданылатын шаралар (сақтандыруды қоспағанда):

Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанында ғана құру мен қызметке жол беріледі.

Банк секторындағы қызметті Беларусь Республикасының Ұлттық банкі беретін лицензия негізінде: банк (акционерлік қоғам) немесе банк емес кредиттік-қаржы ұйымы (акционерлік қоғам) нысанындағы,

сондай-ақ шетелдік инвестициялары бар банк және шетелдік банктің өкілдіктері нысанындағы коммерциялық ұйым жүзеге асыра алады. Шетелдік банк өкілдігінің банк операцияларын және банктер мен банк емес кредиттік-қаржы ұйымдары жүзеге асыратын өзге де қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Беларусь Республикасының банк жүйесіне шетелдік капиталдың жиынтық қатысуының мөлшері (квотасы) 50%-бен шектеледі. Беларусь Ұлттық банкінің: а) бейрезиденттердің қаражаты есебінен банктің жарғылық қорын ұлғайтуға; б) акцияларды бейрезиденттер пайдасына иеліктен шығаруға рұқсаты талап етіледі.

Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет Беларусь Республикасының Қаржы министрлігі беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Акционерлік инвестициялық қор тек ашық акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін.

Қор биржасы тек ашық акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін.

Инвестициялық қордың басқарушы ұйымының қызметін Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және мемлекеттік аккредиттеуден өткен шаруашылық қоғам ғана жүзеге асыра алады.

Инвестициялық қордың мамандандырылған депозитарийінің қызметін Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және мемлекеттік аккредиттеуден өткен шаруашылық қоғам немесе унитарлық кәсіпорын жүзеге асыра алады.

Секьюритизация операцияларын жүзеге асыратын арнайы қаржы ұйымы тек акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін

Бөлінген активтердің мамандандырылған депозитарийінің қызметін мемлекеттік аккредиттеуден өткен депозитарий жүзеге асыра алады.

Бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті шаруашылық қоғам жүзеге асыра алады

v) Халықтан салымдарды және өзге де қайтарылатын қаражатты қабылдау	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
vi) Тұтынушылық кредитті, ипотеканы, факторинг пен коммерциялық операцияларды қаржыландыруды қоса алғанда, кредит берудің барлық түрі	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
vii) Қаржылық лизинг	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
viii) Төлемдер жүргізу және ақша аудару бойынша көрсетілетін қызметтердің барлық түрі	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
ix) Кепілдіктер мен міндеттемелер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
x) Биржада, биржадан тыс нарықта немесе өзгеше жолмен мынадай құралдармен: ақша нарығының құралдарымен (чектер, вексельдер, депозиттік сертификаттар және т. б.); шетелдік валютамен; туынды өнімдермен, фьючерстік келісімшарттар мен опциондарды қоса алғанда, бірақ тек олармен ғана емес; своп келісімдерімен, форвардтық келісімдерді және басқаларды қоса алғанда, валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты құралдармен, ; аударылатын бағалы қағаздармен; құймалардағы алтынды қоса алғанда, өзге де айналым құралдарымен және қаржы	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ

активтерімен өз есебінен немесе клиенттер есебінен сауда жасау		
xi) Жазылымды ұйымдастыруды және агент ретінде орналастыруды (жария және жабық жазылым) қоса алғанда, бағалы қағаздардың барлық түрін шығаруға қатысу және осындай шығарылымға қатысы бар қызметтерді ұсыну	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
xii) Ақша нарығындағы брокерлік көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
xiii) Қолма-қол ақша қаражатын немесе бағалар қағаздар портфелін басқару сияқты активтерді басқару, ұжымдық инвестицияларды басқарудың барлық нысаны, жауаптылықпен сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер, депозитарлық және трастілік көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
xiv) Өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру және бағалы қағаздарды, туынды өнімдер мен басқа да айналым құралдарын қоса алғанда, қаржы активтері бойынша клирингтік көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
xv) Өзге де қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынушылардың қаржылық ақпаратты ұсынуы және беруі, қаржылық деректерді және байланысты бағдарламалық қамтылымды өңдеуі	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
xvi) Кредиттік есептер мен талдау, тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды, корпорацияларды сатып алу, қайта ұйымдастыру және олардың стратегиясы бойынша ұсынымдарды қоса алғанда, (v) – (xv) тармақшаларда санамаланған қызметтің барлық түрі бойынша консультациялық және басқа да қосалқы қаржылық көрсетілетін қызметтер,	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
8. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
Ауруханалардың көрсетілетін жеке қызметтері (CPC 9311**); Әлеуметтік көрсетілетін жеке қызметтер (CPC 933**)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
9. ТУРИЗМ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
Қонақүйлер мен мейрамханалардың көрсетілетін қызметтері (CPC 641 и 642)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
	Мынадан басқа, шектеулер жоқ:	

Саяхаттар бюросы және туристік агенттіктердің көрсетілетін қызметтері (CPC 7471)	туристік фирманың шетелдік инвесторы өзі тұрған елде туроператор немесе турагенттік қызметтерін көрсетумен кемінде 5 жыл айналысатын заңды тұлға болуға тиіс	"Нарыққа қол жеткізу шектеулері" бағанында көрсетілген шараларды қоспағанда, шектеулер жоқ
Туристік гидтердің көрсетілетін қызметтері (CPC 7472)	Шектеулер жоқ	Мынадан басқа, шектеулер жоқ: экскурсия жүргізушілердің, гид-аудармашылардың қызметтерін Беларусь Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар көрсетуге құқылы

10. ДЕМАЛЫСТЫ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Ойын-сауық ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер (театрландырылған қойылымдар көрсетілетін қызметтерін, музыкалық ансамбльдер мен цирктер қойылымдарын қоса алғанда) (CPC 9619); Кітапханалар, архивтер, музейлер және басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің көрсетілетін қызметтері (CPC 963); Спортпен шұғылдануды және демалыстың басқа да түрлерін ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 96492-ден басқа, CPC 964)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
--	---------------	---------------

11. Көрсетілетін көлік қызметтері

Көрсетілетін ішкі су көлігі қызметтері

Кемелерге қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8868**); Су көлігіне көрсетілетін қосалқы қызметтер (CPC 745**)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
--	---------------	---------------

Көрсетілетін әуе көлігі қызметтері

Авиакөлік кемелеріне қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (тек ұшаққа немесе оның пайдаланудан шығарылған кездегі бір бөлігіне қатысты қызметті қамтиды және ағымдағы қызмет көрсетуді қамтымайды)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
Көрсетілетін авиакөлік қызметтерін сату және маркетингі	Шектеулер жоқ	Міндеттемелер қабылданбайды
Компьютерлік резервтеу жүйесінің көрсетілетін қызметтер	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ

Көрсетілетін теміржол көлігі қызметтері		
Теміржол вагондары паркін түгендеуді қоспағанда, теміржол жабдығына қызмет көрсету және жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8868**)	Шектеулер жоқ	Тек Беларусь Республикасының азаматтары ғана теміржол көлігіне қызмет көрсету және жөндеу қызметтерін көрсете алады
Көрсетілетін жол көлігі қызметтері		
Жолаушылар тасымалы (CPC 7121, 7122, каботаждық тасымалдан басқа) Жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7123, каботаждық тасымалдан басқа) Операторы бар коммерциялық көлік құралдарын жалға алу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 7124); Автожол көлік жабдығына қызмет көрсету және жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 6112+8867); Автожол көлігіне көрсетілетін қосалқы қызметтер (CPC 7443)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
Көліктің барлық түріне көрсетілетін қосалқы қызметтер		
Жүктерді өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 741); Қоймалар мен пакуздардың көрсетілетін қызметтері (CPC 742)	Шектеулер жоқ	Шектеулер жоқ
III. Беларусь Республикасының экономикалық қызметтің өзге түрлерінде сақтайтын ерекшеліктері		
Беларусь Республикасының аумағында жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу	Тіркеуші тек Беларусь Республикасының азаматы бола алады	
Өлшеу құралдары мен өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық бақылау	Беларусь Республикасының мемлекеттік метрологиялық қызметінің құрамына кіретін заңды тұлғалар ғана метрологиялық бақылауды жүзеге асыра алады. Заңнамалық метрология саласындағы метрологиялық бақылауды мемлекеттік метрологиялық қызметтің заңды тұлғалары, аккредиттеу саласы метрологиялық бақылаудың тиісті құрамдас бөліктерін жүргізуді қамтамасыз ететін Беларусь Республикасының Стандарттау жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен қағидаларға сәйкес аккредиттелген өзге де заңды тұлғалар жүзеге асырады	
Қоршаған ортаға әсер етуге байланысты қызмет	Беларусь Республикасының заңды тұлғалары қоршаған ортаға әсер етуге байланысты қызметті (озонды бұзатын заттармен операциялар, 1-3-сыныпты қауіптілігі бар қалдықтарды пайдалану, олардың залалсыздандыру, көму) жүзеге асырады	
Б а с п а басылымдарын, сондай-ақ		

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін шығару, дайындау, тарату жөніндегі қызмет	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Күзет қызметі	Күзет қызметі саласындағы ұйымдар өз қызметкерлерін күзетуді, осы ұйымдарға тиесілі объектілерді (мүлікті) күзетуді , күзет құралдары мен жүйелерін жобалауды, монтаждауды, баптауды және оларға техникалық қызмет көрсетуді ғана жүзеге асыруға құқылы	
Иондаушы сәулелену көздерінің тасымалдануы	Беларусь Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы әкелу және (немесе) әкету кезінде иондаушы сәулелену көздерін тасымалдауға Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ядролық және радиациялық қауіпсіздік департаментінің рұқсаты болған кезде жол беріледі	
Алкогольдік, спиртті бар тағамдық емес өнімдердің, тағамдық емес этил спиртінiң, темекі шикізаты мен темекі бұйымдарының өндірісі және айналымы	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Ойын бизнесі	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Орман орналастыру	Орман орналастыруды Беларусь Республикасы Орман шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді	
Беларусь Республикасынан тыс жерлерде жұмысқа орналасуға байланысты қызмет	Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанында ғана құру мен қызметке жол беріледі	
Танысу мақсатында жеке тұлғалар туралы ақпаратты жинауға және таратуға байланысты қызмет	Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанында ғана құру мен қызметке жол беріледі	
Сенім білдірілген үшінші тараптың, сондай-ақ Беларусь Республикасының электрондық цифрлық қолтаңбасын тексеретін Ашық кілттерді басқарудың		

мемлекеттік жүйесінің негізгі ж ә н е республикалық куәландырушы орталықтары операторының функцияларын орындауға байланысты қызмет	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Бағалы металдар мен асыл тастармен байланысты қызмет	Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанында ғана құру мен қызметке жол беріледі. Бағалы металдарды аффинаждауды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдардың тізбесі, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі Беларусь Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді	Міндеттемелер қабылданбайды
Электрондық интерактивті ойындарды ұйымдастыру жөніндегі қызмет	Беларусь Республикасының заңды тұлғасы нысанындағы құру мен қызметке жол беріледі	
Энергетика саласындағы қызмет	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
Мемлекеттік кадастрларды, тіркелімдерді, тізілімдерді, сыныптауыштарды жүргізу	Беларусь Республикасы Президентінің актілерінде және Беларусь Республикасымен концессиялық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, республикалық мемлекеттік ақпараттық ресурстардың құрамына кіретін мемлекеттік кадастрларды, тіркелімдерді, тізілімдерді, сыныптауыштарды жүргізуді уәкілетті мемлекеттік ұйымдар жүзеге асырады	
Минералды және химиялық калий тыңайтқыштарын өндіруге, шығаруға және айналымына байланысты қызмет	Міндеттемелер қабылданбайды	Міндеттемелер қабылданбайды
¹Мемлекеттер арасындағы пошта алмасу объектісі болып табылатын жазбаша хат-хабарлар, сәлемдемелер, пошта ақша аударымдары және баспа басылымдары. ²Мемлекеттер арасындағы пошта алмасу объектісі болып табылатын жазбаша хат-хабарлар, сәлемдемелер, пошта ақша аударымдары және баспа басылымдары.		

Г қосымшасы

БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ "Жеке тұлғалардың уақытша болу ерекшеліктері" деген iv тарауға сәйкес міндеттемелер тізбесі Түсіндірме жазба

1. "Жеке тұлғалардың уақытша болу ерекшеліктері" деген IV тарауға сәйкес төменде келтірілген Міндеттемелер тізбесінде (бұдан әрі "осы Тізбе" деп аталады) Беларусь Республикасы "Ұлттық режим шектеулері" деген 25-бап пен "Нарыққа қол

жеткізу шектеулері" деген 26-бапқа сәйкес міндеттемелер, сондай-ақ осы көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында, сондай-ақ экономикалық қызметтің өзге де түрлерінде жеке тұлғалар санаттарына қолданылатын тиісті шектеулер қабылдайтын көрсетілетін қызметтер секторлары немесе кіші секторлары және жеке тұлғалар санаттары, сондай-ақ экономикалық қызметтің түрлері көрсетілген.

2. Беларусь Республикасы осы Тізбеде аталмаған көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына, экономикалық қызметтің өзге де түрлеріне, сондай-ақ жеке тұлғалар санаттарына қатысты міндеттемелер қабылдамайды.

3. Осы Тізбе "Ұлттық режим шектеулері" деген 25-бап пен "Нарыққа қол жеткізу шектеулері" деген 26-бапқа сәйкес нарыққа қол жеткізуді шектеу болып табылмайтын біліктілік талаптары мен рәсімдерге, техникалық стандарттарға және лицензиялық талаптар мен рәсімдерге немесе ұлттық режимге қатысты шараларды қамтымайды. Бұл шаралар (мысалы, *inter alia*, лицензия алу, реттелетін секторлардағы біліктілікті тану, тілдік емтихандарды қоса алғанда, арнайы емтихандарды, тапсыру және экономикалық қызмет жүзеге асырылатын аумақтан заңды мекен жай мен тұрғылықты жер алу қажеттігі), егер олар төменде санамаланбаса да, кез келген жағдайда осы Тізбеде көрсетілген жеке тұлғалар санаттарына қолданылады.

4. Осы Тізбеде ешнәрсе де Беларусь Республикасының "Қолданылу аясы" деген 23-баптың 2, 3 және 4-тармақтарында көрсетілген шараларды қолдану құқығына кедергі келтірмейді.

5. Визалық рәсімдерді қоса алғанда, келуге, уақытша болуға, еңбекке және әлеуметтік қамсыздандыру шараларына қатысты Беларусь Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің барлық талабы болу мерзіміне, ең төмен жалақыға, сондай-ақ жалақы туралы ұжымдық келісімдерге қатысты ережелерді қоса алғанда, егер олар төменде санамаланбаса да, бұрынғысынша қолданылады.

6. Осы Тізбеде көрсетілетін қызметтер секторларына/кіші секторларына қатысты жақшада көрсетілген CPC кодтары БҰҰ-ның Негізгі өнімнің алдын ала сыныптауышына сілтемелер болып табылады (Statistical Papers Series M No. 77, Provisional Central Product Classification, Department of International Economics and Social Affairs, Statistical Office of the United Nations, New York, 1991).

Сектор немесе кіші сектор	Нарыққа қол жеткізудегі шектеулер (26-бап)	Ұлттық режим шектеулері (25-бап)	Қосымша міндеттемелер (27-бап)
I. ДЕНГЕЙЛЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
	Төменде санамаланған жеке тұлғалар санаттарының уақытша келуіне және болуына қатысты шараларды		

қоспағанда,
міндеттемелер
қабылданбайды:

1. Фирмааралық
ауыстырулар. Бұл
санатқа аға басшылар,
басқарушылар және
мамандар кіреді, бірақ
бұл адамдар Беларусь
Республикасына келгенге
дейін кемінде бір жыл
бойы Тараптың заңды
тұлғасының (
коммерциялық емес
ұйымдардан басқа)
қызметкерлері болған
жағдайда, сондай-ақ осы
санаттағы адамдардың
мына санаттардың
әрқайсысы үшін төменде
келтірілген
өлшемшарттарға сәйкес
келуі көзделген жағдайда
кіреді:

а) Аға басшылары: ең
алдымен, ұйымды
басқаруды жүзеге
асыратын, ұйым
қызметінің барлық
мәселелері бойынша
шешім қабылдайтын,
директорлар
басқармасының немесе
акционерлердің атынан
қадағалауды немесе
басшылықты жүзеге
асыруға құқығы бар,
ұйым шеңберіндегі жеке
тұлғалар.

Аға басшылары осы
ұйымның көрсетілетін
қызметтерді ұсынуына
байланысты міндеттерді
тікелей орындамайды;

б) Басқарушылар: ең
алдымен, ұйымды немесе
оның бөлімшелерін
басқаруды жүзеге
асыратын, бағынысты
басқарушы немесе кәсіби
персоналдың жұмысын
қадағалауды немесе
бақылауды жүзеге
асыратын, ұйым

Уақытша келуге және болуға рұқсат етілетін жеке тұлғалар санаттары	шенберіндегі жеке тұлғалар. Басқарушылар осы ұйымның көрсетілетін қызметтерді ұсынуына байланысты міндеттерді тікелей орындамайды; в) Мамандар: компанияның көрсетілетін қызметтерін ұйымдастыру және оларды ұсыну, оның зерттеу жабдықтары немесе оны басқару қызметі үшін қажетті жоғары не арнайы біліктілігі немесе білімі бар, ұйым шенберіндегі жеке тұлғалар. Мұндай қабілеттерді бағалау кезінде компания қызметіне қажетті білім ғана емес, сонымен қатар маманның арнайы техникалық білімді қажет ететін жұмыстың немесе сауданың осы түріне қатысты жоғары біліктілік деңгейінің бар-жоғы ескерілуі мүмкін. Көрсетілген өлшемшарттарға сай келетін, жоғарыда көрсетілген үш санаттағы шетелдік жеке тұлғалар (басшылар, басқарушылар және мамандар) үшін Б е л а р у с ь Республикасының аумағындағы жұмысқа рұқсаттар белгілі бір кезеңге – 1 жылға дейін – белгілі бір жұмыс берушіге жұмыс істейтін шетелдікке кезеңді 1 жылға ұзарту мүмкіндігімен, жалпы болу мерзімі 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі. 2. Іскери келушілер – Б е л а р у с ь Республикасында		
---	---	--	--

коммерциялық түрде қатыспайтын, көрсетілетін қызметтерді ұсынушының коммерциялық қатысуын құру немесе көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша келіссөздер жүргізу мақсатында Беларусь Республикасына келетін және уақытша болатын басқа Тараптың заңды тұлғасының (коммерциялық емес ұйымдардан басқа) қызметкерлері. Іскери келушілер көрсетілетін қызметтерді ұсынуға немесе көрсетілетін қызметтерді халыққа тікелей сатуға тікелей қатыса алмайды. Іскери келушілердің Беларусь Республикасының аумағында орналасқан көздерден сыйақы алуға құқығы жоқ. Іскери келушілердің болу кезеңі 90 күннен аспауға тиіс.

3. Келісімшарт негізінде көрсетілетін қызметтерді ұсынушылар – осы заңды тұлға мен Беларусь Республикасының заңды тұлғасы арасында келісімшарт жасасу мақсатында Беларусь Республикасының аумағына келетін және уақытша болатын Беларусь Республикасында коммерциялық түрде қатыспайтын, Тарапта құрылған заңды тұлғаның (коммерциялық емес ұйымдардан басқа) қызметкерлері. Келісімшарт негізінде көрсетілетін қызметтерді ұсынушылар көрсетілетін қызметтерді ұсыну немесе тікелей халыққа

	сату процесіне тікелей қатыспауға тиіс. Олардың Беларусь Республикасының аумағында орналасқан көздерден сыйақы алуға құқығы жоқ. Келісімшарт негізінде көрсетілетін қызметтерді ұсынушылардың болу кезеңі 90 күннен аспауға тиіс. 4. Инвесторлар – Беларусь Республикасының аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын тұлғалар. Инвесторлардың болу кезеңі 90 күннен аспауға тиіс. Инвестициялардың мөлшеріне байланысты мұндай адамдардың болу мерзімі Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылуы мүмкін.		
Шетелдік ұйымдардың өкілдіктері	Басқа Тараптың заңды тұлғасы өкілдігінің (басшыны қоса алғанда) шетелдік азамат қызметкерлерінің саны 5 адамнан аспауға тиіс.		
Жер бойынша жасалатын операциялар		Жерді меншікке алу құқығы тек Беларусь Республикасының азаматтарына беріледі. Жер учаскелері, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі жылжымайтын мүлікті сату кезіндегі жер учаскелері шетелдік жеке тұлғаларға жалға алу құқығымен 99 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Беларусь Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда жер учаскелері шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ	

		адамдардың жеке меншігінде болуы мүмкін . Жеке меншікке, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың меншігіне беруге жатпайтын жер учаскелері ұлттық заңнамада айқындалады.	
II. СЕКТОРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Нотариаттық қызмет	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Нотариус тек Беларусь Республикасының азаматы бола алады	
Беларусь Республикасының аумағында жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Тіркеуші тек Беларусь Республикасының азаматы бола алады	
Адвокаттық қызмет (CPC 861 бөлігі)	Міндеттемелер қабылданбайды	Адвокат тек Беларусь Республикасының азаматы бола алады	
Заң қызметтері, нотариаттық және адвокаттық қызметті (CPC 861 бөлігі) қоспағанда	Міндеттемелер қабылданбайды	Заң қызметтерін көрсететін адамды аттестаттау туралы куәлігі бар қызметкерлер Беларусь Республикасының азаматтары болуға тиіс	
Туристік гидтердің көрсетілетін қызметтері (CPC 7472)	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Экскурсия жүргізушілердің, гид-аудармашылардың қызметтерін Беларусь Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар көрсетуге құқылы	
Патенттік сенім білдірілген өкілдің көрсетілетін қызметтері	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде Беларусь Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болатын, әрекетке қабілетті жеке тұлға аттестатталуы және тіркелуі мүмкін	
		Сақтандыру ұйымы басшысының, оның	

Көрсетілетін сақтандыру қызметтері	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	орынбасарларының, бас бухгалтерінің функцияларын тек Беларусь Республикасының азаматтары, сондай-ақ Беларусь Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар ғана және еңбек шарттары негізінде ғана атқара алады.	
Жаңалықтар бойынша агенттіктерінің көрсетілетін қызметтері (CPC 962)	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Тек Беларусь Республикасының азаматтары ғана БАҚ-тың бас редакторы функциясын атқара алады	
Теміржол вагондары паркін түгендеуді қоспағанда, теміржол жабдығына қызмет көрсету және жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (CPC 8868 бір бөлігі)	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Тек Беларусь Республикасының азаматтары теміржол көлігіне қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтерді көрсете алады	
Экономикалық қызметтің өзге де түрлері	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	Деңгейлес міндеттемелерде көрсетілген шаралардан басқа, міндеттемелер қабылданбайды	

А қосымшасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 14, 19 және 24-баптарға қатысты барынша қолайлылық жасау режимінен ерекшеліктер тізбесі

Сектор немесе кіші сектор	Шараның сипаттамасы	Ш а р а қолданылатын ел немесе елдер	Қолданылу мерзімі	БҚР - дан ерекшеліктер қажеттігі туындайтын негіздер
Барлық секторлар/ Инвестициялар	Инвестицияларды өзара қорғауды және көтермелеуді қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы және болашақтағы келісімдерге негізделген шаралар	Келісімдер жасалуы мүмкін барлық елдер, қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің тараптары	Айқындалмаған	Шаралар инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау үшін құқықтық негіздер ж а с а у ғ а бағытталған

Барлық секторлар/ Жеке тұлғалардың кіруі және уақытша болуы	Қолданыстағы және болашақтағы келісімдерге негізделген шаралар , олардың мақсаты көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке тұлғалардың орын ауыстыруы үшін преференциялық жағдайлар жасау болып табылады	Келешекте толықтырылуымен, 1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Еуропалық қоғамдастық және оған мүше елдер арасындағы Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің тараптары; ТМД елдері, қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	Шаралар Қазақстан Республикасы мен оның өңірлік сауда әріптестері арасындағы біртіндеп ырықтандыруға бағытталған
Барлық секторлар/ жеке кәсіпкерлік	Қазақстан Республикасының азаматы, қандас ¹ немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азамат дара кәсіпкер бола алады.	ЕАЭО елдері, қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі; Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт; 1998 жылғы 28 сәуірдегі Екінші мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын бір мемлекет азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шарт
2. Көрсетілетін байланыс қызметтері Қолданыстағы және болашақтағы келісімдерде мыналарды қозғайтын шаралар: D. Көрсетілетін дыбыстау-бейнелеу қызметтері				
Телевизиялық бағдарламалар мен кинематографиялық туындыларды	Осы келісімдермен қамтылған дыбыстау-бейнелеу туындыларына қатысты ұлттық режим ұсынылатын дыбыстау-бейнелеу	Мәдениет саласында	Айқындалмаған	Мұндай келісімдердің мақсаты мүдделі елдер арасындағы мәдени

шығару және тарату ;	туындыларын бірлесіп шығару туралы келісімдерге негізделген шаралар	ынтымақтастыққа ниеті бар барлық елдер		байланыстарды ілгерілету болып табылады
Телевизиялық бағдарламалар мен кинематографиялық туындыларды шығару және тарату	Ш ы ғ у өлшемшарттарына сай келетін дыбыстау-бейнелеу туындылары мен көрсетілетін дыбыстау-бейнелеу қызметтерін берушілерге арналған бағдарламаларға қ о л д а у бағдарламаларын ұсынатын шаралар	Мәдениет саласында ынтымақтастыққа ниеті бар барлық елдер	Айқындалмаған	Бұл бағдарламалар Қазақстанның ұзақ м ә д е н и байланыстары бар елдердің өзіндік мәдени ерекшелігін сақтауға және ілгерілетуге бағытталған
Дыбыстау-бейнелеу туындыларын хабар тарату немесе жұртшылыққа ұсынудың басқа да нысандары арқылы шығару және тарату	Хабар тарату арқылы беруге қол жеткізуге қатысы бар белгілі бір шығу өлшемшарттарына сәйкес келетін дыбыстау-бейнелеу туындыларына ұлттық режимді тарататын шаралар	Мәдениет саласында ынтымақтастыққа ниеті бар барлық елдер	Айқындалмаған	Осы сектор шеңберінде шаралар Қазақстанның ішінде де, сол сияқты өңірлерді қоса алғанда, басқа елдерде де мәдени құндылықтарды ілгерілетуге, сондай-ақ Қазақстанның м ә д е н и құндылықтарын және жастарға бағытталған тіл саясатының мақсаттарын ілгерілетуге бағытталған
5. Көрсетілетін білім беру қызметтері	Филиалдар ашу мен олардың қызметіне қатысты шаралар	Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан , Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина , қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	Бұл шаралар білім беру саласындағы қатынастарды сақтауға және дамытуға бағытталған
11. Көрсетілетін көлік қызметтері				
	Каспий теңізінде жүзудің арнайы режимі			

А. Көрсетілетін теңіз көлігі қызметтері	Кеме қатынасы компанияларын құруға, олардың қызметіне және операцияларын жасауға қатысты шаралар	Әзербайжан, Иран, Ресей, Түрікменстан	Айқындалмаған	Өңірлік ынтымақтастықты дамыту
		Европалық одаққа мүше елдер	Айқындалмаған	Халықаралық келісімдер шеңберіндегі міндеттемелерді растайтын Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің 24, 25 және 32-баптары
В. Ішкі су көлігі а) Жолаушылар тасымалы б) Жүк тасымалы	Ертіс және Іле өзендері арқылы жолаушылар мен жүкті тасымалдау үшін преференциялық режимді көздейтін шаралар	Қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	Бұл шаралар Қазақстанның ішкі өзендерінің бассейндерінде өзара қатынас қағидаттарында жолаушылар мен жүктерді тасымалдау үшін жағдай жасауға бағытталған
С. Көрсетілетін әуе көлігі қызметтері Сату және маркетинг	Өз ара қарым-қатынас негізінде қолданылатын, компаниялардың құрылуына және өкілдіктердің ашылуына әсер ететін шаралар	Әуе көлігі саласындағы қолданыстағы және болашақтағы тиісті келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	Әуе көлігі жөніндегі қолданыстағы екіжақты келісімдер шеңберінде көзделген көрсетілетін әуе көлігі қызметтерін ұсыну үшін шарттарды орындау
Е. Көрсетілетін теміржол көлігі көрсететін қызметтер	Қазақстан аумағында және осы келісімдер тарапы елдерінің арасында тасымалдау қағидаларын, қызмет пен тасымалдау, көрсетілетін қызметтерді ұсыну	Қолданыстағы және болашақтағы келісімдердің барлық тараптары	Айқындалмаған	Бұл шаралар теміржол көлігінің біртұтас өндірістік-техникалық кешен ретіндегі тұтастығын қамтамасыз етуге, Қазақстан аумағында және

а) Жолаушылар тасымалы б) Жүк тасымалы	шарттарын реттейтін қолданыстағы және болашақтағы келісімдер шеңберінде сақталатын шаралар			келісімдер тарапы елдерінің арасында тасымалдау қағидаларын реттеуге бағытталған
Ғ. Автомобиль көлігі (жолаушылар және тасымалдар)	Қазақстан Республикасы мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер және үшінші елдер арасында жасалған халықаралық автомобиль тасымалдары (темір жол/автомобиль - құрамдастырылған тасымалдарын қоса алғанда) және жолаушылар тасымалдары жөніндегі қолданыстағы немесе болашақтағы келісімдерде қамтылған ережелер , олар: уағдаласушы тараптардың арасында немесе уағдаласушы тараптардың аумағы арқылы уағдаласушы тараптардың әрқайсысында тіркелген көлік құралдары бойынша көрсетілетін көлік қызметтерін ұсынуды сақтайды немесе шектейді; осындай көлік құралдары үшін салық преференцияларын ұсынады	Қолданыстағы және болашақтағы келісімдердің барлық тараптары 1) Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру туралы келісімдер жасалған елдер: Пәкістан, Финляндия, Әзербайжан, Түрікменстан, Болгария, Германия, Латвия, Өзбекстан, Молдова, Түркия, Қытай, Украина, Иран, Литва, Монғолия, Венгрия, Польша, Тәжікстан, Грузия, Франция, Эстония, Голландия , Испания және Чех Республикасы, Бельгия, Норвегия, Хорватия. 2) Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру туралы келісімдер жасалған елдер: бұрынғы Югославия Республикасы, Македония, Дания, Люксембург, БАӘ, Аустрия, Армения, Румыния, Ұлыбритания, Словения, Босния және Герцеговина, Португалия және басқалары	Айқындалмаған	Ерекшеліктік қажеттігі көрсетілетін автомобиль көлігі қызметтерін трансшекаралық қамтамасыз етудің өңірлік ерекшелігіне, сондай-ақ автожол инфрақұрылымы мен қоршаған ортаның тұтастығын қорғау қажеттігіне байланысты

¹Кандас – этникалық қазақ және (немесе) бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және халықтың көші-қоны саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған ұлты қазақ отбасы мүшелері.

Б қосымшасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Траншекаралық көрсетілетін қызметтер саудасы бойынша міндеттемелер тізбесі Түсіндірме жазба

1. Төменде келтірілген Траншекаралық көрсетілетін қызметтер саудасы бойынша міндеттемелер тізбесінде (бұдан әрі "осы Тізбе" деп аталады) Қазақстан Республикасы "Ұлттық режим" деген 15-бап пен "Нарыққа қол жеткізу" деген 16-бапқа сәйкес ырықтандыру бойынша міндеттемелер, сондай-ақ осы көрсетілетін қызметтер секторларында немесе кіші секторларында қолданылатын тиісті шектеулер қабылдайтын көрсетілетін қызметтер секторлары немесе кіші секторлары көрсетілген.

2. Қазақстан Республикасы осы Тізбеде аталмаған көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына қатысты міндеттемелер қабылдамайды.

3. Осы Тізбе "Ұлттық режим" деген 15-бап пен "Нарыққа қол жеткізу" деген 16-бапқа сәйкес нарыққа қол жеткізуді шектеу болып табылмайтын біліктілік талаптары мен рәсімдерге, техникалық стандарттарға және лицензиялық талаптар мен рәсімдерге немесе ұлттық режимге қатысты шараларды қамтымайды. Бұл шаралар (мысалы, *inter alia*, лицензия алу, реттелетін секторлардағы біліктілікті тану, арнайы емтихандарды, оның ішінде тілге қатысты емтихандарды тапсыру және экономикалық қызмет жүзеге асырылатын аумақтан заңды мекен-жай мен тұрғылықты жер алу қажеттігі), егер олар тіпті төменде санамаланбаса да, кез-келген жағдайда осы Тізбеде көрсетілген көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына қолданылады.

4. Осы Тізбеде ешнәрсе де Қазақстан Республикасының осы Тізбеде аталған көрсетілетін қызметтер секторларына немесе кіші секторларына қатысты субсидиялар беру немесе кез келген мемлекеттік қолдау шараларын қолдану құқығына кедергі келтірмейді.

5. Осы Тізбе:

ГАТС-тың XIII бабына сәйкес түсінілетін мемлекеттік сатып алуға;

мемлекеттік билік функцияларын орындау үшін ұсынылатын қызметтер мен жүзеге асырылатын қызметке қолданылмайды.

6. Осы Тізбеде:

жұлдызша (*) "бөлік" дегенді білдіреді;

көрсетілетін қызметтер секторларына/кіші секторларына қатысты жақшада көрсетілген КОП кодтары БҰҰ-ның Негізгі өнімнің алдын ала жіктеуішіне сілтемелер болып табылады (Statistical Papers Series M No. 77, Provisional Central Product Classification, Department of International Economics and Social Affairs, Statistical Office of the United Nations, New York, 1991).

(**) – белгілі бір көрсетілетін қызметтің КОП-тың тиісті кодымен қамтылған қызмет түрлерінің жалпы қатарының бір бөлігін ғана құрайтынын көрсетеді (MTN.GNS/W/120-да көрсетілгендей).

Беру тәсілдері: (1) Траншеикаралық беру; (2) Шетелде тұтыну			
Сектор немесе кіші сектор	Нарыққа қол жеткізудегі шектеулер (16-бап)	Ұлттық режимнің шектеулері (15-бап)	Қосымша міндеттемелер (17-бап)
1	2	3	4
I. Дөңгейлес міндеттемелер			
Осы Тізбеге енгізілген барлық секторлар / кіші секторлар			
В. (v) Халықтан салымдарды және басқа да қайтарылатын ақша қаражаттарын қабылдау 81115-81119 (vi) Тұтынушылық кредит, кепілдік кредит, факторинг пен коммерциялық операцияларды қаржыландыру барлық түрін кредитін беру 8113 (viii) Кредиттік, төлемдік және дебеттік карточкаларды қоса алғанда, төлемдер және ақша аударымдары бойынша көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері, 81339** (ix) Кепілдіктер мен міндеттемелер 81199 **	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды, сондай-ақ, Банктің байқау кеңесінің кемінде бір мүшесі, сондай-ақ банк басқармасының кемінде екі мүшесі Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге тиіс	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды, сондай-ақ, Банктің байқау кеңесінің кемінде бір мүшесі, сондай-ақ банк басқармасының кемінде екі мүшесі мемлекеттік тілді білуге тиіс	
9. Туризм мен саяхатқа байланысты көрсетілетін қызметтер			
64110 Қонақүйге орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер 64120 Мотельге орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды. Қонақ үй секторында қызмет ететін шетелдік коммерциялық ұйымның өз штатында Өзбекстан азаматтарының кемінде 80 %-ы болуға тиіс	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден	

74710 Турагенттердің көрсетілетін қызметтер	б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
10. Сауықтыру, мәдени және спорттық көрсетілетін қызметтер			
96194 Цирк, ойын-сауық саябағы және осыған ұқсас көрсетілетін аттракцион қызметтері	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
11. Көрсетілетін көлік қызметтері			
С. Көрсетілетін авиакөлік қызметтері			
(d) Әуе кемелеріне қызмет көрсету және жөндеу (CPC 8868** бір бөлігі) Көрсетілетін авиакөлік қызметтерін сату және олардың маркетингі Компьютерлік резервтеу жүйелері көрсететін қызметтер	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
Е. Көрсетілетін теміржол көлігі қызметтері			
(d) Теміржол жабдығына қызмет көрсету және жөндеу (CPC 8868** бір бөлігі)	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
Ғ. Көрсететін автожол көлігі қызметтері			
(d) Автокөлік жабдығына қызмет көрсету және жөндеу (6112 + 8867)	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
Н. Көліктің барлық түрлеріне көрсетілетін қосалқы қызметтер			
(a) Жүктерді өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер (741*), тек авто- және теміржол көлігі үшін (b) Қоймалар мен пакгауздар бойынша көрсетілетін қызметтер (742*), тек авто- және теміржол көлігі үшін (c) Жүк көлігі агенттіктерінің көрсетілетін қызметтері (748*), тек авто- және теміржол көлігі үшін	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	"Деңгейлес міндеттемелер" деген бөлімде көрсетілгендерден б а с қ а , міндеттемелер қабылданбайды	
¹ Телевизиялық және/немесе радиобағдарламаларды тарату телевизиялық және радиобағдарламаларды көпшілікке тарату үшін қажетті, бірақ операторлар арасындағы байланысты қамтымайтын сигналдарды үздіксіз беру ретінде айқындалады.			

Көрсетілетін қызметтердің
еркін саудасы, инвестициялар
құру, қызметі және оларды
жүзеге асыру туралы
келісімге
Д қосымша

Қаржылық көрсетілетін қызметтердің саудасы

Осы қосымша Тараптардың қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасының ерекшеліктерін қозғайтын шараларына қолданылады.

Осы қосымшаның ережелері ұсынылатын көрсетілетін қызметтерге және мемлекеттік билік функцияларын коммерциялық емес негізде және бәсекелестік шарттарынсыз, сондай-ақ субсидиялар беруге қатысты орындау үшін жүзеге асырылатын қызметке қолданылмайды.

Осы қосымшада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

мемлекеттік мекеме – Тараптың мемлекеттік билік органы не ұлттық (орталық) банкі не Тарапқа тиесілі немесе осы Тарап бақылайтын, осы Тараптың мемлекеттік билік органы немесе осындай Тараптың ұлттық (орталық) банкі берген өкілеттіктерді ғана жүзеге асыратын Тараптың ұйымы;

лицензия – Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметтерді берушінің Тарап аумағында белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру құқығын куәландыратын арнаулы рұқсат немесе уәкілетті органның құжаты;

қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасы – осы қосымшада осы Келісімнің 1-бабында айқындалғандай, "көрсетілетін қызметтер саудасын" және "қызметті" білдіреді ;

қаржылық көрсетілетін қызметтер секторы – қаржылық көрсетілетін қызметтер секторының барлық кіші секторларын қоса алғанда, оның бүкіл секторы, ал Тараптың міндеттемелерінен, шектеулерінен және шарттарынан алып қоюларға қатысты Тарап заңнамасына сәйкес жекелеген қаржылық көрсетілетін қызметтің бір немесе бірнеше не барлық кіші секторы;

уәкілетті орган – Тараптың заңнамасына сәйкес қаржы нарығын, қаржы ұйымдарын (қаржы нарығының жекелеген салаларын) реттеуді және (немесе) қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар осы Тараптың органы;

қаржылық көрсетілетін қызметтер – мыналарды қамтитын қаржылық сипаттағы көрсетілетін қызметтер:

А. Көрсетілетін сақтандыру қызметтері және оларға жататын көрсетілетін қызметтер:

- 1) тікелей сақтандыру (бірлесіп сақтандыруды қоса алғанда):
 - өмірді сақтандыру;
 - өмірді сақтандырудан өзгесі;

2) қайта сақтандыру және ретроцессия;

3) брокерлік және агенттік сақтандыру сияқты сақтандыру делдалдылығы;

4) консультациялық, актуарлық көрсетілетін қызметтер, тәуекелді бағалау және наразылықтарды реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер сияқты сақтандыру бойынша көрсетілетін қосалқы қызметтер.

Б. Банктік және басқа да қаржылық және төлемдік көрсетілетін қызметтер (сақтандырудан басқа):

1) халықтан салымдарды және басқа да қайтарылатын ақшалай қаражаттарды қабылдау;

2) тұтынушылық кредитті, кепілдік кредитті, факторинг пен коммерциялық операцияларды қаржыландыруды қоса алғанда, барлық түрдегі несиелерді беру;

3) қаржылық лизинг;

4) кредиттік, төлемдік және дебеттік карточкаларды, жол чектері мен банктік вексельдерді қоса алғанда, төлемдер мен ақша аударымдары бойынша көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері;

5) кепілдіктер мен міндеттемелер;

6) валюта биржасында, биржадан тыс нарықта не өзгеше түрде өз есебінен немесе клиенттер есебінен:

ақша нарығының құралдарымен (чектерді, аударылатын вексельдерді, депозиттік сертификаттарды қоса алғанда);

шетелдік валютамен;

туынды өнімдермен, оның ішінде фьючерстермен және опциондармен, бірақ тек қана олармен ғана емес;

своптар туралы келісімдер және пайыздық мөлшерлеме туралы форвардтық келісімдер сияқтыларды қоса алғанда, валюта бағамдары мен пайыздық мөлшерлемелерге қатысты құралдармен;

аударылатын бағалы қағаздармен;

құймалардағы алтын мен күмісті қоса алғанда, мәміле нысанасы болуы мүмкін өзге де құралдармен және қаржылық активтермен сауда жасау;

7) жазылуды ұйымдастыруды және агент ретінде орналастыруды (жария және жабық жазылым) қоса алғанда, бағалы қағаздардың барлық түрлерін шығаруға қатысу және осындай шығарылымға қатысы бар көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

8) ақша нарығындағы брокерлік операциялар;

9) қолма-қол ақша қаражаты немесе бағалар қағаздар портфелі сияқты активтерді басқару, ұжымдық инвестицияларды басқарудың барлық нысандары, зейнетақы қорын басқару, жауаптылықпен сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер, депозитарлық және трастілік көрсетілетін қызметтер;

10) өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтер және бағалы қағаздарды, туынды өнімдер мен мәміле нысанасы болуы мүмкін басқа да

құралдарды қоса алғанда, қаржы активтері бойынша көрсетілетін клирингтік қызметтер ;

11) басқа қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілердің қаржылық ақпаратты ұсынуы және беруі, қаржылық деректерді және тиісті бағдарламалық қамтылымды өңдеуі;

12) Б тармағының 1) – 11)-тармақшаларында санамаланған қызметтің барлық түрлері бойынша консультациялық, делдалдық және басқа да қосалқы қаржылық көрсетілетін қызметтер, оған қоса кредиттеуге байланысты анықтамалық материалдарды ұсыну және тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды кредиттік талдау, корпорацияларды сатып алу, қайта ұйымдастыру және олардың стратегиясы мәселелері бойынша ұсынымдар.

Осы қосымшадағы өзге ұғымдар осы Келісімде көрсетілген мағынасында пайдаланылады.

1. Тарап осы Келісімге Б және В қосымшаларындағы жеке тізбеде көрсеткен қаржылық көрсетілетін қызметтерге қатысты Тарап қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасына ықпал ететін барлық шаралардың ақылға қонымды, объективті әрі бейтарап түрде қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді беруге рұқсат талап етілген кезде, Тараптың уәкілетті органдары Тарап заңнамасының талаптарына және реттеу қағидаларына сәйкес ресімделген деп есептелген өтінім ұсынылғаннан кейін ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде өтінім берушіге өтінімге қатысты шешім туралы хабар береді. Өтінім берушінің сұрау салуы бойынша Тараптың уәкілетті органдары өтінімді қарау барысы туралы ақпаратты артық кідіріссіз ұсынады.

3. Біліктілік талаптары мен рәсімдеріне, техникалық стандарттарға және лицензиялау талаптарына қатысты шаралар қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасында негізсіз кедергілер тудырмайтындай жағдайды қамтамасыз ету үшін Тарап өздері құра алатын тиісті органдар арқылы кез келген қажетті қағидаларды әзірлеуге құқылы. Бұл қағидалар, өзгелермен қатар, оларда қамтылған талаптардың:

1) құзыреттілік және көрсетілетін қызметті беру қабілеті сияқты объективті әрі ашық өлшемшарттарға негізделуін;

2) көрсетілетін қызметтің сапасын қамтамасыз етуге қажет болғаннан аса ауыр болмауын;

3) лицензиялау рәсімдері жағдайында көрсетілетін қызметті беруге өздігінен шектеу болмауын көздеуге тиіс.

4. Осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес әзірленген қағидалар күшіне енгенге дейін осы Келісімге Б қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көрсетілген қаржылық көрсетілетін қызметтердің секторлары үшін Тараптар лицензиялық немесе

біліктілік талаптарын және осы Келісімге Б қосымшасындағы Тараптардың жеке тізбелерінде көрсетілген шарттарға сәйкес берілетін, пайданы жоятын немесе қысқартатын техникалық стандарттарды қолданбайды.

Тарап қолданатын лицензиялық немесе біліктілік талаптары мен техникалық стандарттар осы қосымшаның 5-тармағының 1–3-тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс және осы Келісімге қол қойылған күні осы Тараптан ақылға қонымды түрде күтілуі мүмкін.

5. Егер Тарап қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруға және (немесе) олардың қызметіне қатысты лицензиялауды қолданса, онда мұндай Тарап:

1) Тараптың қызметті жүзеге асыруға лицензияларды беруге жауапты уәкілетті органдары атауларының жариялануын немесе жалпы жұрт назарына өзгеше түрде жеткізілуін;

2) лицензиялық рәсімдердің құруға немесе қызметке өздігінен шектеу болып табылмауын және қызметті жүзеге асыру құқығына тікелей байланысты лицензиялық талаптардың қызмет үшін өздігінен негізсіз кедергі болып табылмауын;

3) барлық лицензиялық рәсімдер мен талаптардың Тарап заңнамасында белгіленуін және лицензиялық рәсімдерді немесе талаптарды белгілейтін немесе қолданатын Тарап заңнамасының ол күшіне енген (қолданысқа енгізілген) күнге дейін жариялануын;

4) лицензия беруге арналған өтінішті ұсынуға және қарауға байланысты алынатын кез келген алымдардың құру мен қызмет үшін өздігінен шектеу болып табылмауын және Тараптың лицензиялаушы органының өтінішті қарауға және лицензия беруге байланысты шығындарына негізделуін;

5) Тарап заңнамасында лицензия беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдауға белгіленген уақыт кезеңі өткеннен кейін және өтініш берушінің талабы бойынша Тараптың лицензияларды беруге жауапты тиісті уәкілетті органының өтініш берушіге оның өтінішінің қаралу жай-күйі туралы, сондай-ақ бұл өтініштің тиісінше толтырылған болып есептелетіні туралы хабар беруін қамтамасыз етеді. Кез келген жағдайда да өтініш берушіге өтінішке техникалық түзетулер енгізу мүмкіндігі беріледі. Тараптың тиісті заңнамасында көрсетілген барлық ақпарат пен құжаттар алынғанға дейін өтініш тиісті түрде толтырылған болып есептелмейді;

6) өтінішін қабылдаудан бас тартылған өтініш берушінің жазбаша талабы бойынша Тараптың лицензияларды беруге жауапты, өтінішті қабылдаудан бас тартқан уәкілетті органның өтініш берушіге мұндай бас тартудың себептері туралы жазбаша ақпарат беруін қамтамасыз етеді. Алайда, бұл ереже Тараптың лицензиялаушы органынан жария етілуі Тарап заңнамасының орындалуына кедергі келтіретін немесе қоғамдық мүдделерге немесе қауіпсіздіктің елеулі мүдделеріне өзгеше түрде қайшы келетін ақпаратты ашуды талап ететін ереже ретінде түсіндірілмеуге тиіс;

7) өтінішін қабылдаудан бас тартылған жағдайда, өтініш берушінің лицензия берілу үшін кез келген орын алған проблемаларды жоюға тырысатындай жаңа өтініш бере алуын;

8) берілетін лицензияның Тараптың бүкіл аумағында қолданылуын қамтамасыз етеді.

6. Тарап аумағындағы қаржылық көрсетілетін қызметтер нарықтарында қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру тәртібі мен мерзімдері өз аумағында осындай қызметті жүзеге асыру болжанатын Тараптың заңнамасында белгіленеді.

7. Осы қосымшада ешнәрсе де инвесторлардың, салымшылардың, сақтанушылардың, пайда алушылардың және өздерінің алдында көрсетілетін қызметті беруші фидуциарлық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүдделерін қорғауды қоса алғанда, Тараптың пруденциялық шараларды қабылдауына және қаржы жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кез келген ақылға қонымды және негізді шараларды қабылдауына кедергі келтірмейді. Егер мұндай шаралар осы қосымшаның ережелеріне сәйкес келмесе, оларды Тарап осы Келісімге сәйкес осы Тарап қабылдаған міндеттемелерді орындаудан жалтару құралы ретінде пайдаланбауға тиіс.

8. Осы қосымшада ешнәрсе де Тарапқа банктік және ұлттық заңнамамен қорғалатын өзге де құпияға жататын ақпаратты, оның ішінде жеке клиенттердің банктік шоттары, операциялары мен салымдары туралы ақпаратты немесе басқа қандай да бір құпия ақпаратты ашуға қойылатын талап ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

Тараптың уәкілетті органы екінші Тараптың уәкілетті органына құпия ақпарат беру туралы сұрау салумен жүгінуге құқылы. Ұлттық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат осындай ақпарат шыққан уәкілетті органының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмеген жағдайда, Тараптың уәкілетті органы аталған сұрау салуды қанағаттандыруы мүмкін. Тараптың уәкілетті органы сұрау салу бойынша құпия ақпаратты алған жағдайда, мұндай ақпарат құпиялылығының ол шыққан Тараптан кем емес деңгейде сақталуын қамтамасыз етеді.

9. Тараптар өздерінің уәкілетті органдарының өз қаржы нарықтарындағы, оның ішінде банк секторындағы, сақтандыру секторындағы және бағалы қағаздар нарығында көрсетілетін қызметтер секторындағы қызметті реттеу, бақылау және қадағалау саласындағы өзара іс-қимыл жасау тетіктерін әзірлейді.

10. Әрбір Тарап осы Тараптың осы қосымшада қамтылған мәселелерді қозғайтын немесе қозғауы мүмкін заңнамасының ресми дереккөзде, мүмкіндігінше Интернеттегі арнайы бөлінген сайтта өзінің құқықтарын және (немесе) міндеттемелерін Тараптың осындай заңнамасы қозғауы мүмкін кез келген тұлға таныса алатындай етіп жариялануын қамтамасыз етеді.

Мұндай заңнаманы жариялау өздерінің құқықтарын және (немесе) міндеттемелерін Тараптың осы заңнамасы қозғауы мүмкін тұлғалардың құқықтық жағынан

айқындалуын және негізделген үміттенуін қамтамасыз ететін мерзімде, бірақ кез келген жағдайда да ол күшіне енген (қолданысқа енгізілген) күнге дейін жүзеге асырылуға тиіс.

Әрбір Тарап кез келген тұлғаның осы қосымшада қамтылған мәселелер бойынша қолданыстағы және (немесе) жоспарланатын заңнамаға қатысты жазбаша сұрау салуларына жауап беруді қамтамасыз етеді. Сұрау салуға жауаптар осындай мүдделі тұлғаға жазбаша сұрау салу алынған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

11. Тарап екінші Тараптың қаржылық көрсетілетін қызметтерді беруге қатысты шараларды қолдануын айқындау кезінде оның пруденциялық шараларын тани алады. Мұндай тану мүдделі Тараппен келісімге немесе уағдаластыққа негізделуі мүмкін немесе біржақты тәртіппен берілуі мүмкін.

12. Екінші Тараптың болашақтағы, сол сияқты қолданыстағы пруденциялық шараларын тану туралы келісімге немесе уағдаластыққа қатысушы болып табылатын Тарап басқа Тараптарға олардың қағидаларды, осындай қағидалардың жүзеге асырылуын бақылауды, оның тетігін және мүмкін болса, осындай келісімдер мен уағдаластықтарға қатысушылар арасында ақпарат алмасуға байланысты рәсімдерді қамтуы мүмкін осындай келісімдерге немесе уағдаластықтарға қосылуы туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін ұсынады.

Көрсетілетін қызметтердің
еркін саудасы, инвестициялар
құру, қызметі және оларды
жүзеге асыру туралы
келісімге
Е қосымша

Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы реттеу ерекшеліктері

Қолданылу саласы

Осы қосымшада базалық телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды реттеуге қатысты анықтамалар мен қағидаттар қамтылған. Мұндай көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы Келісімге Б және В қосымшаларда келтірілген.

Анықтамалар

"Пайдаланушылар" көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен берушілерді білдіреді.

"Негізгі құралдар (жабдықтар)" ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялық желінің құралдарын (жабдығын) немесе:

а) тек қана немесе басым түрде жалғыз өнім беруші немесе өнім берушілердің шектеулі саны беретін; және

б) көрсетілетін қызметті ұсыну үшін экономикалық немесе техникалық себептерге орай ауыстыруға болмайтын көрсетілетін қызметтерді білдіреді.

"Негізгі өнім беруші" – мыналардың:

а) өзі жүзеге асыратын негізгі құралдарды (жабдықты) бақылаудың; немесе

б) нарықтағы өз жағдайының нәтижесінде базалық телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтердің осы нарығындағы қызмет шарттарына (бағалар мен ұсыныстарға қатысты) елеулі түрде ықпал ету мүмкіндігі бар өнім беруші.

1. Бәсекелестікті қорғау

1.1. Телекоммуникация саласындағы бәсекелестікті бұзатын шаралардың алдын алу

Тараптар жеке алғанда немесе бірге негізгі өнім беруші болып табылатын өнім берушілердің бәсекелестікті бұзатын әрекеттер жасауына жол бермеу үшін шаралар қабылдайды.

1.2. Қорғау шаралары

Бәсекелестікті бұзатын жоғарыда аталған әрекеттер:

а) бәсекелестікке қарсы тоғыспалы субсидиялауға қатысуды;

б) бәсекелестерден алынған мәліметтерді бәсекелестікті бұзуға алып келетіндей етіп пайдалануды; және

в) басқа да көрсетілетін қызметтерді берушілерге негізгі құралдар (жабдықтар) туралы техникалық мәліметтерді және олардың көрсетілетін қызметтерді беруіне қажетті коммерциялық сипаттағы тиісті ақпаратты уақтылы ұсынбауды білдіреді.

2. Қосылу (бірігу)

Осы тармақтың ережелері бір өнім берушінің тұтынушыларына басқа өнім берушінің тұтынушыларымен байланыс орнатуға және Тарап тиісті міндеттемелер қабылдаған жағдайда басқа өнім беруші беретін көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін базалық телекоммуникациялық желілердің немесе ортақ пайдаланылатын көрсетілетін қызметтердің өнім берушілерімен байланыс орнатуға жатады.

2.1. Кепілдік берілген қосылу

Тараптар қолданыстағы заңнамаға және Тараптардың техникалық нормаларына сәйкес техникалық тұрғыдан мүмкін болатын желінің кез келген пунктінде негізгі өнім берушіге қосылудың қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді. Мұндай қосылу:

а) кемсітпейтін шарттарда (техникалық стандарттар мен ерекшеліктерді қоса алғанда) және кемсітпейтін тарифтер бойынша қамтамасыз етіледі, бұл ретте сапаға қатысты шарттар өздерінің осыған ұқсас көрсетілетін қызметтерді берушілері үшін немесе көрсетілетін қызметтердің үлестес емес берушілерінің немесе олардың еншілес компанияларының немесе басқа да үлестес тұлғаларының осыған ұқсас көрсетілетін қызметтері үшін көзделгендерден қолайлылығы кем емес шарттар болуға тиіс;

б) қағидаларға, шарттарға (оның ішінде техникалық нормалар мен стандарттарға қатысты) және экономикалық тұрғыдан жүзеге асырылуы мен жеткілікті түрде нақтылану дәрежесі ескеріле отырып, транспарентті болуға тиіс шығынға бағдарланған тарифтерге сәйкес уақтылы; және

в) сұрау салу бойынша – пайдаланушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын терминалдардан басқа, қосымша қажетті қондырғыларды құруға арналған шығындарды көрсететін тарифтер негізінде пункттерде қамтамасыз етіледі.

2.2. Қосылу туралы келіссөздерге қатысты рәсімдердің ашық сипаты

Негізгі өнім берушіге қосылуға қатысты рәсімдер жариялы болуға тиіс.

2.3. Қосылу жөніндегі келісімдердің транспаренттілігі

Тараптар негізгі өнім берушінің өзінің қосылу туралы келісімдерін не қосылу туралы тиісті ұсынысын жариялы етуі үшін шаралар қабылдайды.

2.4. Дауларды шешу

Негізгі өнім берушіге қосылу туралы өтініш білдірген көрсетілетін қызметтерді беруші:

а) кез келген сәтте; немесе

б) егер осы қағидалар, шарттар мен тарифтер алдын ала белгіленбеген болса, тиісті қосылу қағидаларына, шарттары мен тарифтеріне қатысты дауларды ақылға қонымды уақыт аралығында реттеу үшін осы қосымшаның 5-тармағында аталған тәуелсіз реттеуші орган болуы мүмкін ұлттық органға ақылға қонымды әрі жариялы түрде белгіленген уақыт аралығы ішінде апелляцияға беруге құқылы болады.

3. Әмбебап көрсетілетін қызмет

Әрбір Тарап әмбебап көрсетілетін қызмет бойынша өзі орындауды қалайтын міндеттемелерді айқындауға құқылы. Бұл міндеттемелер бәсекелестік тұрғысынан жариялылық, кемсітпеушілік және бейтараптық негізінде жүзеге асырылатын және Тарап айқындаған әмбебап көрсетілетін қызмет типі үшін қажет болғаннан аса ауыр болмайтын жағдайда, бәсекелестікке қарсы міндеттемелер ретінде қарастырылмайды.

4. Лицензиялау өлшемшарттарының ашық сипаты

Лицензиялау барысында мыналар:

а) лицензия алудың барлық өлшемшарттары және лицензия туралы сұрау салу бойынша шешім қабылдау мерзімдері; және

б) жеке лицензияларды беру шарттары жариялы болуға тиіс.

Лицензия беруден бас тарту себептері өзінің өтініші бойынша сұрау салған тұлғаның назарына жеткізілуге тиіс.

5. Реттеуші органның тәуелсіздігі

Тараптар реттеуші органның базалық телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтерді берушілерден тәуелсіз әрекет етуін және оларға есеп бермеуін қамтамасыз етеді. Органның шешімдері мен рәсімдері нарықтың барлық қатысушыларына қатысты объективті сипатта болуға тиіс.

6. Шектеулі ресурстарды бөлу және пайдалану

Радиожиилік спектрінің ресурстарын және нөмірлеу ресурсын бөлу және пайдалану Тараптардың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Радиожиилік спектрін және нөмірлеу ресурстарын бөлгені және пайдаланғаны үшін лицензиялық төлемдердің мөлшері ұлттық заңнамаға сәйкес айқындалады.

Осымен қоса беріліп отырған мәтін 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары кеңесінің отырысында қол қойылған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімнің түпнұсқалық көшірмесі болып табылатының куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*ТМД Бас хатшысының
Бірінші орынбасары*

Л.В.Анфимов

Осымен 2023 жылғы 8 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция вице-министрі*

Ж.Кушукова